



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Әр баланың өмірі құнды



2-бет

Театр тарланына құрмет



6-бет

Ақсұңқар жырдың аламаны



8-бет

## Нарықта қай мамандық қат?

Бүгінде Қарағандыда дипломы бар, бірақ жұмысы жоқ жастар аз емес. Ал дәл осы уақытта өндіріс орындары мен әлеуметтік салада мыңдаған бос жұмыс орны толмай тұр. Бір жағында жұмыс іздеген жас мамандар, екінші жағында кадр тапшы кәсіпорындар. Бұл еңбек нарығындағы басты қайшылықтың айқын көрінісі. Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, өңірде сұранысқа ие мамандықтар тізімі әлдеқашан анықталған. Ендеше, неге жастар мен жұмыс берушілердің сұранысы әлі де тоғыспай отыр?

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, қазіргі таңда өңірде ең жоғары сұраныс жұмысшы және техникалық мамандықтарға тиесілі. Атап айтқанда, электромонтер, дәнекерлеуші, слесарь, токарь, құрылысшы-монтаждаушы, жүргізуші, шахтер және сантехник сияқты мамандарға қажеттілік жоғары. Бұл өңірдің өнеркәсіптік аймақ екендігін тағы бір дәлелдейді. Өндіріс, құрылыс және көлік салаларында кадр тапшылығы айқын сезіледі.

Сонымен қатар, медицина мен білім беру саласы да еңбек нарығында тұрақты сұранысқа



қа ие бағыттардың қатарында. Мейрбикилер, санитарлар, орта медициналық қызметкерлер, мектеп мұғалімдері, бастауыш сынып ұстаздары мен тәрбиешілерге деген қажеттілік жыл сайын сақталып келеді. Қызмет көрсетуде де кадр тапшылығы байқалады. Бұл бағытта аспаздар, сатушылар, күзетшілер мен шаштараздар жиі қажет етіледі. Инженерлік және IT бағыттары да қарқынды дамып келеді. Тау-кен инженерлері, өндіріс басшылары, бұрғылау инженерлері және цифр-

лық технология мамандарына сұраныс көбеюде. Бұл салаларда жалақы деңгейі де салыстырмалы түрде жоғары екені байқалады. Басқарма мәліметіне сәйкес, бүгінгі таңда Электрондық еңбек биржасы порталында 2 085 хабарландыру жарияланып, жалпы саны 4 200 бос жұмыс орны ұсынылған. Бұл жұмыс орындарының басым бөлігі өнеркәсіп, әлеуметтік сала және қызмет көрсету бағыттарына тиесілі. Яғни, еңбек нарығы нақты өндірістік және әлеуметтік секторларға бағытталғанын көрсетеді.

Өңірдегі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі де біртіндеп төмендеп келеді. Мәселен, 2022 жылы бұл көрсеткіш 4,5 пайыз болса, 2023 жылы 3 пайызға дейін төмендеген. 2024 жылы 3,1 пайыз деңгейінде тіркелсе, 2025 жылдың қорытындысы бойынша 2,8 пайызға дейін азайған. Бұл – жаңа жұмыс орындарының ашылуы мен жұмыспен қамту шараларының тиімділігін көрсетеді. Жұмыс іздеп келетін жастардың басым бөлігі – колледж бітірген немесе техникалық мамандық



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

иелері. Сонымен қатар, соңғы жылдары IT және цифрлық технологияға қызығушылық басым. Алайда, бұл бағытта тәжірибесі жеткіліксіз жас мамандардың көп болуы олардың жұмысқа орналасуын қиындатады. Жастардың жұмыс таба алмауының негізгі себептерінің бірі – тәжірибенің жетіспеуі. Көптеген жұмыс берушілер дайын, тәжірибесі бар мамандарды іздейді. Еңбек нарығында сұранысқа ие емес мамандықтарды таңдау да мәселені күрделендіреді. Мысалы, заңгерлер мен экономистер саны көп. Ал, бос жұмыс орны шектеулі. Ал, техникалық және жұмысшы мамандықтарға сұраныс жоғары болғанымен, жастар арасында бұл бағыттарға қызығушылық төмен.

Қазіргі еңбек нарығында жұмыс берушілер дипломнан бұрын нақты дағды мен тәжірибеге басымдық береді. Жастардан кәсіби біліктілік, цифрлық сауаттылық, тіл білу, жаңа жағдайға тез бейімделу, тәртіп пен жауапкершілік сияқты қасиеттер талап етіледі. Бүгінде «дипломнан гөрі тәжірибе маңызды» деген қағида өзекті болып отыр.

Жастар арасындағы жұмысқа орналасу мәселесін түсіну үшін жас мамандардың пікірін де ескеру қажет. Өйткені еңбек нарығындағы қиындықтарды олар күнделікті өмірде тікелей сезінеді.

➤ 4-бет

• РЕСМИ

## Дәрі-дәрмек арзандады

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше ел бойынша шамамен 5 мыңға жуық дәрілік затқа шекті баға белгіленген. Атап айтқанда, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жүйесі, инфекциялық және басқа да кең таралған ауруларды емдеуге арналған препараттардың құны тұрақталды.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, дәріханаларда белгіленген шекті бағадан асырып сату деректері анықталған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылады.

Сондай-ақ, тұрғындар дәрі бағасының негізсіз көтерілуінен байқаса, Darikz мобильді қосымшасы арқылы шағым түсіре алады.

Өз тілшімізден

• ӨЗЕКТІ

## Мораторий күшін жойды

Елімізде 1 сәуірден бензин мен дизель отыны бағасын ұстап тұрған мораторий аяқталды. Енді жанармай құны біртіндеп өсуі мүмкін. Энергетика министрлігі күрт қымбаттау болмайтынын айтқанымен, бағаның нақты қаншаға өсетіні әзірге белгісіз.

2025 жылдың қазанынан қолданылған мораторий бензин АИ-92 мен дизель отынының бағасын белгілі бір деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік берген еді. Алайда, 2026 жылдың бірінші тоқсаны аяқталысымен бұл шара тоқтатылып, нарықтағы баға реттеу механизмдері қайта қарала бастады.

Энергетика министрлігі өкілдерінің айтуынша, жанармай бағасы бірден күрт көтерілмейді. Яғни, нарықтағы өзгерістер кезең-кезеңімен енгізіледі. Бұл – халыққа түсетін әлеуметтік салмақты жұмсарту мақсатында қабылданған ұстаным.

Жанармай құнының нақты қаншаға өсетіні әзірге айтылған жоқ. Дегенмен, мемлекет бағаны толық еркіндікке жібермей, оны кезең-кезеңімен реттеуді көздейді. Бұл – бір жағынан нарықты тұрақтандыру, екінші жағынан, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау арасындағы тепе-теңдікті табу әрекеті.

Алдағы уақытта жанармай бағасының өзгеруі елдегі инфляция деңгейіне де ықпал етуі мүмкін. Сондықтан, бұл мәселе тек энергетика саласының ғана емес, жалпы экономикалық саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр.

Әлеуметтік маңызы бар салалар үшін жанармайға қатысты жеңілдетілген шарттар енгізу немесе бағаның шектен тыс өсуіне жол бермейтін бақылау механизмдерін күшейту мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл, әсіресе, ауыл шаруашылығы, қоғамдық көлік және шағын бизнес үшін маңызды.

Өз тілшімізден

## Ірі жоба, үлкен үміт

Әлемдегі ең ірі игерілмеген қор, 410 мың тонна вольфрам Қарағанды топырағында бұқпантайлап жатыр...

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Вольфрам векторы

Тап басып айтпағымыз мына жайт. «Тау-Кен Самұрық ҰҚТ» акционерлік қоғамы мен Cove Capital компаниясы бірлесіп 1,1 млрд долларға байыту фабрикасы мен зауыт салады. Яғни, бүгіндегі «болашақ суперқорытпасы» деп аталып кеткен үр жаңа технологиялар шикізаты – бұл. Демек, Қарағанды енді күндерде сындарлы минералдардың әлемдік орталығына айналады. Өңгімеміздің әлқиссасын әуел бастан басталы. Келелі келісім қос мемлекет президенттері Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дональд Трамп патронажымен жасалып, екі ел арасындағы стратегиялық маңызды минералдар бойынша келісім аясында бекітілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірлерге шетелдік инвестицияларды мейлінше жұмылдыру, өңдеуші өнеркәсіп өрісін кеңейту, келе-келе ел экономикасын 2029 жылға қарай екі есеге ұлғайту әрі «жаңа өнеркәсіптік қарқас» құру



қажеттігін жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдаулары мен ресми мәлімдемелері барысында бірнеше рет атап өткені баршаға аян.

Қызықтысы сол, Президент тапсырмасын негізге ала отырып, былтырғы жылдың қарашасында Солтүстік Қатпар және Жоғарғы Қайрақты вольфрам кен орындарын игеру бойынша тараптар келелі келісімге қол қойды. Ал, толық қуаттылық межесін еңсергенде шамамен 1000 жұмыс орны ашылмақ. Жұмыс жүйесі отандық мамандарды ескере отырып құрылады.

Вольфрам – әсте қарапайым металл емес. Металл мүмкіндігі 3400 градус ыстыққа төзімді, тоза қоймас өте берік, электроникада, корғаныс өнеркәсібінде, аэрокосмостық техникада және жоғары технологиялық құралдарда кеңінен қолданылады. Көршілес Қытай мемлекетінің өзі әлемдік вольфрамның 80%-дан астамын бақылап отырғанда, отанымыздағы мұндай алып қор геосаяси тұрғыдан да стратегиялық маңызы аса зор жобаға айналып отыр. Иә, өңірге қарымды инвесторлардың келуі кездейсоқ емес. Америка Құрама Штаттарының Export-Import Bank-ы жобаның 900 млн долларын қаржыландыруға игі ниет білдірген. Жоталы жобада шикізаттың шикі күйінде шетел-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

ге шығаруға тыйым салынған. Металл терең өңдеуден өтіп, паравольфрамат аммоний сияқты жоғары қосылған құнды өнім қалпында жарыққа шығарылмақ. Қайрақтының қойнауынан бастау алған ырысты бастама уақыт талабына берілген жауап. Вольфрамның беріктігі мен төзімділігі қандай болса, бүгінгі экономикалық бағыт та сондай берік негізге құрылып келеді. Себебі, әңгіме әуезі жөнөкей металл жайында ғана емес, болашақ технологиялардың өзегіне байланып стратегиялық ресурс туралы болып отыр.

Қазыналы Қарағандының қара-қошқыл көмірімен танылған тарихы енді жаңа мазмұнмен толығады. Терең өңдеу, жоғары қосылған құн, жаһандық нарықтағы аса зор жобаға бәрі ел экономикасының сапалық тұрғыдан өзгеруінің айшықты белгісі. Шикізаттық модельден саналы индустрияға қарай жасалған нақты қадамы.

➤ 5-бет

## Әр баланың өмірі құнды



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

Аймақта балалар арасындағы суицидтің алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілуде. Бұл мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиеваның қатысуымен өткен кенесте жан-жақты талқыланды.

Өз кезегінде Динара Закиева еліміздің барлық өңірлерінде психологиялық қолдау орталықтары құрылғанын атап өтті. Оның айтуынша, негізгі міндет – суицидтік тәуекелдерді ерте ке-



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев өңірде жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндады. Оның айтуынша, 2026 жылға арналған профилактикалық жоспар бекітіліп, психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, мектеп психологтарының тапшылығын азайтуға бағытталған нақты қадамдар қолға алынған.

Сонымен қатар, педагогтер, ата-аналар және ювеналды полиция қызметкерлері арасындағы өзара іс-қимыл күшейтіліп, түрлі семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып жатыр. Бұл шаралар балалардың психологиялық жағдайын тұрақтандыруға және тәуекелдердің алдын алуға бағытталған. Дулат Жекебаев цифрлық технологиялардың да кеңінен енгізіліп жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, мектептерде булинг пен құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында «ақылды» бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары басталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жақын арада өңірде Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма өз жұмысын бастайды. Жана құрылым бала қауіпсіздігі мен әл-ауқатына жауапты барлық қызметтердің жұмысын үйлестіруге бағытталады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Экологияны озық технология бақылайды

Қарағандыда экологиялық ахуалды түбегейлі жақсартуға бағытталған ауқымды жоба бастау алды. Ауа, су, топырақ және жасыл желектерді қамтитын кешенді зерттеу жүргізіліп, қала аумағына екі жүзден аса датчик орнатылып, онлайн-мониторинг жүйесі іске қосылды. Бұл бастама тұрғындардың денсаулығын қорғап, өңірді экологиялық тұрғыдан қауіпсіз етуге бағытталған нақты қадам болмақ.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыста қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мәселесі енді жүйелі әрі ғылыми негізде қолға алынбақ. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа таныстырылған жаңа жоба – экологиялық саясаты нақты деректерге сүйеніп жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды бастама. Екі жылға жоспарланған зерттеу барысында мамандар ауа сапасын, су көздерінің жағдайын, топырақ құрамын және жасыл желектердің ахуалын маусымдық ерекшеліктер бойынша жан-жақты талдайды. Ең бастысы, бұл жұмыс бір реттік бақылаумен шектелмей, тұрақты мониторинг жүйесіне ұласады.

Облыс әкімі экологиялық қауіпсіздік мәселесінің маңызын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағыт жаңа Конституцияда да нақты бекітілген және ол халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, өңірде экология мәселесімен үстірт емес, түбегейлі айналысу қажет. Бұл ретте нақты деректерге негізделген шешімдер қабылдау басты талапқа айналмақ.

Қала әкімі Мейрам Қожуховтың мәліметінше, жобаны іске асыру үшін «Экосервис-С» компаниясы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тартылған. Мамандар қала аумағына шамамен 200-250 датчик орнатып, автоматтандырылған мониторинг станцияларын іске қосуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, жылжымалы зертханалар арқылы ауаға кешенді талдау жүргізіліп, барлық мәліметтер онлайн режимде ситуациялық орталыққа түсетін болады. Бұл жүйе экологиялық жағдайды нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беріп, жедел шешім қабылдауға жол ашады.

Жобаны таныстырған «Экосервис-С» ЖШС басшысы Ғалым Беркінбаев әрбір ластану көзінің нақты үлесін анықтау басты мақсат екенін жеткізді. Оның айтуынша, ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі стратегиялық шешімдердің тиімділігін арттырады. Яғни, енді экологиялық саясат болжамға емес, нақты көрсеткіштерге негізделеді. Бұл өз кезегінде мәселенің түпкі себептерін анықтап, оны жүйелі түрде шешу-

ға мүмкіндік береді.

Мамандардың бағалауынша, Қарағандыдағы негізгі экологиялық мәселелер – техногендік жүктеменің жоғары болуы, өнеркәсіптік шығарындар, энергетика мен жеке секторда көмірдің кеңінен қолданылуы. Осы факторлардың әрқайсысы зерттеу барысында нақты деректермен дәлелденіп, оларды азайтуға бағытталған шаралар әзірленеді. Қала басшылығының айтуынша, жобаның алғашқы нәтижелері бір жылдың ішінде-ақ байқалып, оң өзгерістердің динамикасы көріне бастайды.

Жобаның тағы бір маңызды қыры – оның тек табиғи ортаға ғана емес, адам денсаулығына әсерін де қамтуы. Бұл экология мен қоғамдық денсаулықтың өзара тығыз байланысты екенін ескерген заманауи тәсіл. Демек, жүргізілетін зерттеулердің нәтижесі тұрғындардың өмір сапасын

жақсартуға бағытталған нақты шешімдер қабылдауға негіз болады.

Облыс әкімі жобаны іске асырудың Жол картасын әзірлеуді, практикалық жұмыстарды жедел бастауды және нәтижелер туралы кезең-кезеңімен баяндап отыруды тапсырды. Бұл бастаманың тек жоспар күйінде қалмай, нақты іске асатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қарағандыда қолға алынған бұл кешенді экологиялық зерттеу – өңірдің болашағына салынған инвестиция деуге болады. Өйткені таза ауа, сапалы су және қауіпсіз орта – әрбір тұрғынның өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіші. Ал, мұндай жүйелі жұмыстар арқылы қала экологиялық тұрғыдан жаңарып, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз мекенге айналмақ.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

### • МӘМС

## Медициналық сақтандыру – 88,7 пайыз

Қарағанды облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен қамту деңгейі артып келеді. 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 88,7%-ға жетіп, сақтандырылмаған тұрғындар санының азайғаны байқалды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты өзекті мәселелер облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбековтің

төрағалығымен өткен өңірлік штаб отырысында қаралды. Күн тәртібінде халықты жүйеге тарту, журналдардың уақытылы төленуі және медициналық қызмет көрсету барысында талаптардың сақталуы мәселелері талқыланды.

Заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес 2026 жылдан бастап шұғыл және дағдарыстық санаттағы азаматтар, сондай-ақ жұмыссыздар үшін МӘМС жарналары жергілікті бюджет есебінен төленетін болады.

– Сақтандырылмаған азаматтар санының азаюы бойынша тұрақты оң динамиканы байқап отырмыз. Қол жеткізілген қарқынды төмендетпей, әсіресе, экономикалық белсенді халық арасында атаулы акпараттық-түсіндіру жұмыстарын

күшейту маңызды, – деді Қарағанды облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының директоры Фазыл Копбаев.

Отырыста жұмыс берушілердің берешегі мәселесі де көтерілді. Сонымен қатар, медициналық қызмет көрсетудің заңдылығына ерекше назар аударылып, рұқсат құжаттарына толық түгендеу жүргізу тапсырылды.

### • БРИФИНГ

## Теміртауда тұрақты даму бар

Облыстық телекоммуникациялар қызметі алаңында Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов өткізген брифингте қаланың 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2026 жылға арналған жоспарлары туралы баяндалды.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімі бірінші кезекте өнеркәсіп өндірісіне тоқталды. Атап айтқанда, 2025 жылы мұнда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1 миллиард 252,4 миллион теңгені құрап, өткен жылғыдан 9,9 пайыз өскен. Нақты көлем индексі – 105,5 пайыз. Оның облыс өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 25,3 пайызға тең.

Ал, өңдеуші өнеркәсіп жалпы өндірістің 97,5 пайызы болып, оның көлемі 1 триллион 220,7 миллиард теңге, нақты көлем индексі 104,6 пайыз болған.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 267,5 миллиард теңгені құрап, ол өткен жылғыдан 19,3 пайыз төмендеген. Бұл «Qatmet» инвестициялық белсенділігінің төмендеуіне байланысты. Оның облыс бойынша үлесі 19,3 пайызға тең.

Инвестициялардың 242,1 миллиард теңгесі өнеркәсіп саласына, 1,6 миллиард теңгесі құрылысқа, ал 23,8 миллиард теңгесі басқадай бағыттарға жұмсалды.

Ауыл шаруашылығы саласында нақты көлем индексі 99,9 пай-

ызды немесе 8,6 миллиард теңгені құрап, өсім өткен жылғыдан 11,9 пайыз жоғарылады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 92,9 миллиард теңгеге, нақты көлемі 138,2 пайызға жетті.

Жекеменшік есебінен 8806 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, оның алдындағы жылдан 36,6 пайыз кеміген.

Бұдан әрі Ғалым Әшімов осыны ескере отырып, 2026 жылға болжанған жоспарларды таныстырды.

Өткен 2025 жылы жеке инвестициялар есебінен 4,6 миллиард теңгенің 5 жобасы іске қосылып, қалада 107 жаңа жұмыс орны ашылған. Бұл жұмыс орындары осындағы «KazPromAluminium» ЖШС, «Техрабобы КЗ» ЖШС, «Темир» ЖШС, «Му Kids», «Торговая сеть Вавилон» ЖШС, «Бетон сервис КЗ» ЖШС құрылған.

Ағымдағы жылы жалпы құны 3,3 миллиард теңгенен асатын 17 жаңа жұмыс орнын құру көзделген 4 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, 2025 жылы басталған «ҚұрылысМет» ЖШС өндірістік желілерін жаңғыртуға



бағытталған инвестициялық жобаны жүзеге асыру жалғасады. Сондай-ақ, «Central Asia Cement» АҚ цемент зауытын жаңғырту ісін бастау да жоспарлануда. Бұл жобаның жалпы инвестициялық көлемі 13,7 миллиард теңгені құрайды.

Теміртау қаласында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны – 11 497 болса, оларда 30 мың адам еңбегін, 275,3 миллиард теңгенің өнімін өндірген.

Мемлекеттік қолдау шаралары аясында 2025 жылы қала бойын-

ша 9,6 миллиард теңгеге 37 жоба қолдау тапқан. Соның ішінде субсидиялау – 8,4 миллиард теңгеге 20 жоба, жеңілдетілген несиелеу – 0,7 миллиард теңгеге – 6 жоба, ішінара кепілдік беру – 0,6 миллиард теңгеге 11 жоба.

Сол сияқты жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу құралы шеңберінде 2025 жылы «КазМет-Кокс» ЖШС «Директисл» кокс өндірісін ұйымдастыру» инвестициялық жобасы бойынша 69,7 миллион теңге сомасына сумен

жабдықтау жұмыстары аяқталды.

Өткен жылы шағын және орта бизнесте 9 жұмыс орнын құра отырып, құны 250 миллион теңге болатын 7 шағын бизнес нышаны ашылды.

2026 жылы бұл салада құны 433 миллион теңге болатын 5 нысанда 15 жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

Келесі кезекте Ғалым Әшімов қалалық бюджеттің кіріс бөлігінің 2025 жылғы атқарылуы және 2026 жылға арналған жоспарлары жайлы баяндады. Яғни қала бюд-

жетінің 2025 жылғы кіріс бөлігі 40 миллиард 102,1 миллион теңгені құрап, 2024 жылға қарағанда 9,2 пайыз ұлғайған. Ал кірістер бойынша 2026 жылға бекітілген бюджет 76 миллиард 799,1 миллион теңге немесе өткен жылғыдан 1,6 есе жоғары.

Жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтаудың 50,8 шақырым жаңа желісі төселіп, абоненттердің орталық сумен жабдықтау жүйесіне 100 пайызы қосылған.

Жаңадан 38 шақырым жаңа көріз жүйелері тартылып, қаланы газдандыру жобасы аяқталып, 2019 жылдан бері 239,8 шақырым газбен жабдықтау торабы салынып, оған 6 мың үйі қосылып, 3017 жеке және 25 заңды тұлға техникалық шарттары беріліп, газбен 2234 жеке және 8 заңды тұлға жабдықталған.

Жалпы ұзындығы 38,7 шақырым болатын электрмен жабдықтаудың 4 желілік торабы салынып, 3 учаскелік магистральдық жылу жүйелерінің 4,3 шақырымның реконструкциясы аяқталып, 6,4 шақырымдық 2 учаскедегі жұмыстардың бірінші кезеңі бітіп, 8,96 шақырым құбырлар ауыстырылып, ол жұмыстар осы 2026 жылы тәмамдалмақ.

### ТЕМІРТАУ

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# Аутизм дерт емес

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Ұлттық Құрылтай отырысында ерекше қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету мәселесіне айрықша тоқталды. «Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан, жыл соңына дейін осындай балаларға жан-жақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлеу керек», – деді. Осы орайда 2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне орай Қарағандыдағы «Aqulsana» қоғамдық қорының «Valran» түзету-дамыту орталығында облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжановтың қатысуымен өткен ауқымды дөңгелек үстелге ерекше қажеттілігі бар балалардың тағдырына бейжай қарамайтын мамандар, облыстық мәслихат депутаттары, салалық басқармалар өкілдері мен ата-аналар жиналды. Дөңгелек үстелде аутизм диагнозы бар балаларды қолдау мәселесі кеңінен талқыланып, нақты шешімдерге бастайтын маңызды ұсыныстар айтылды.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Көпсалалы қолдау – уақыт талабы

«Ерекше қажеттілігі бар балаларды мультидисциплинарлық сүйемелдеуде мемлекеттік қолдаудың рөлі» тақырыбында өткен шараның басты мақсаты мұндай балаларға көрсетілетін көмектің тиімділігін арттырудағы мемлекеттік қолдаудың маңызын жан-жақты талқылау және осы бағытта жүйелі ұсыныстар әзірлеу болды.

Бірақтар сала мамандарының басын қосқан отырысты «Aqulsana» қоғамдық қорының құрылтайшысы, «Valran» орталығының директоры Маржан Тұрлыбекова ашты.

– Өзім де – ерекше баланың анасымын. Сондықтан, әр ата-ананың жанын жақсы түсінемін. «Valran» орталығы 2022 жылдың 16 сәуірінде ашылды. Мұнда педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіледі. Яғни, дефектолог, логопед, психолог мамандар

де, қажеттіліктің әлі де азаймай отырғанын айтады мамандар. Бұл ерекше қажеттілігі бар балалардың да азаймай отырғанын аңғартады керек.

Орталық директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сабина Нұрланова да өз кезегінде орталық жұмысының жүйесімен егжей-тегжейлі таныстырып, қол жеткізген жетістіктерімен бөлісіп, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауға алғыс айтты. Ал, жас мамандар өздеріне жасалып жатқан қамқорлықты тілге тиек етіп, кәсіби даму мүмкіндіктеріне тоқталды. Орталық басшылығына ризашылық білдірді.

– Е.Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің арнайы педогогика мамандығы бойынша III курс студентімін. Осы орталықта бір жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келемін. Жұмысқа келуім кездейсоқ емес. Екінші курста тәжірибеден өтіп жүргенде менің көмегіме мұқтаж балаларды көріп, жүрегім ауырды. Бізге күнделікті жұмыс болса

қатар, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау салалары арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша заңнамады дамыту жұмыстары жүргізілуде. Бұл – балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Басқосу мемлекет, сарапшылар қауымы және азаматтық сектордың күш-жігерін біріктіріп, келісілген шешімдер қабылдауға ықпал ететін тиімді алаң екенін атап өту керек. Ерекше қажеттілігі бар балаларға көрсетілетін көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу аса маңызды, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

## Өзекті мәселелер мен шешу жолдары

Сонымен бірге, дөңгелек үстелде бірқатар маңызды бағыттар талқыланды. Атап айтсақ, мемлекеттік қолдау тетіктері, қызметтерді қаржыландыру жолдары (мемлекеттік тапсырыс, вачерлік



кіліксіздігіне байланысты бұдан да жоғары болуы мүмкін екенін айтады. Басты салмақ ата-анаға түседі. Олар жыл сайын диагностика, емдеу, білім беру және әлеуметтік бейімделу мәселелерімен бетпе-бет келеді. Білікті кадрлардың тапшылығы, инфрақұрылым дамуының жеткіліксіздігі, баланы дамудың барлық кезеңінде сүйемелдеудің бірыңғай жүйесінің жоқтығын көріп отырмыз.

Сол себепті, ерекше қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеуге арналған өңірлік бағдарлама мен үйлестіруші орталықтың моделін әзірлеу керек. Әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау, білім беру және спорт салаларындағы мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын күшейтіп, қызмет сапасын арттыру үшін пилоттық мультидисциплинарлық орталық (хаб) құру және балаларды есепке алу және сүйемелдеу бойынша цифрлық платформаны енгізу керек, – деді бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты Қадия Оспанова.

Коррекциялық-дамытушы көмектің сапасын арттыру – тағы бір өзекті мәселе. Ғылыми негізделген әдістерді (АВА-терапия, логопедия, дефектология, сенсорлық интеграция) енгізу, бірыңғай стандарттар әзірлеу және қызмет сапасын бақылау қажеттілігі кеңінен талқыланды.

Қазақстан Халық партиясы облыстық филиалының төрағасы Халел Максұтов аутизм мәселесін бірлесіп отырып, жеңуге болатынын айрықша атап өтті.

– Жақында отандық «Ерекше» фильмін көрдім. Онда балаға ата-ананың қамқорлығының айрықша екенін алға тартады. Бас

де, тіркеуге қоярдағы құжат жинау жұмысын жеңілдету жөнінде ашық пікірлер айтылды. Өйткені, бұл ата-аналарға үлкен салмақ түсіреді.

## Кадр мәселесі және инфрақұрылым

Жиында кадр тапшылығы мәселесі де көтерілді. Білікті мамандарды даярлау, қайта даярлау және өңірлерде қызмет көрсететін орталықтарды дамыту қажеттілігі ерекше аталды. Сонымен қатар, жеке сектордың рөлі мен оны мемлекеттік деңгейде қолдау тетіктері талқыланды.

Бұл ретте жеке коррекциялық орталықтарды қаржыландыру, олардың қызмет сапасын бақылау және мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту мәселелері өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылды.

– Бұрын бұл туралы айтуға қорқатынбыз. Соңғы 20 жылда ел тұрғындары «аутизм» деген сөзді айтып үйренді. Өйткені, осы мәселемен бетпе-бет келген отбасылар көп, мектеп, дәрігер, қайырымдылық қорлары мен ұйымдар да көбейді. Бұл – көпфакторлы ауру. Генетика, экология, ата-ананың жасы. Нақты бір балада аутизмнің дамуына не себеп болғанын ешкім кесіп айта алмайды. 2008 жылы елімізде аутизм спектрінің бұзылуы диагнозымен небәрі 37 бала тіркелсе, бүгінде бұл көрсеткіш 12 000-нан асады. Және бұл нақты емес.

Бұл мәселе медициналық, әлеуметтік, білім беру және экономикалық сипатқа ие. Мемлекет мұндай балаларға үлкен көңіл бөледі. Бұрын мұндай балаларды қоғамнан оқшаулауға тырысып, психиатриялық ауруханаларда емдейтін. Бүгінде ашық айтамыз. Ау-

Өз кезегінде ата-аналар да сөз алып, мемлекеттік тапсырыс бойынша орталықты қолдап отырған Үкіметке алғысын жеткізді. Сонымен қатар, орталық жұмысын өте жақсы бағалап, балалардың түзеліп, қатарға қосылып жатқанын алға тартты. Тіпті, көзіне жас алып, баласының осында келіп ем алғанын кейін алғашқы сөзін естігені айтқанда толқымаған адам қаламады. Емделген балалардың ел қатары балабақшаға барып жүргені де айрықша атап айтылды. Басқа жаққа барғысы келмесе де, ерекше балалар осында асығып тұрады екен. Әсіресе, аналар жұмыс істемей бар уақытын балаға арнайтынын, айына толық курсқа 200 мыңдай қаржы кететінін айтып, мемлекеттік қолдауды тоқтатпауды өтінді.

– Бұл шара ата-аналарға ғана емес, жалпы халыққа аутизмді бар балалар туралы ақпаратты жеткізу үшін маңызды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде 12 000-нан астам аутизмді бар бала тіркелген. Облыс бойынша бүгінгі таңда бұл көрсеткіш – 527 бала. Өкінішке қарай, апта сайын осындай балалар санының артып жатқанын көріп отырмыз. Біз аутизм белгілерін өте ерте жастан байқаймыз. «Одан ары ананы қайда жберу керек?», «Оған қалай көмек көрсету керек?» деген сұрақтар туындайды. Себебі, аутизм спектрінің бұзылуы басқа да көптеген аурулармен қатар жүреді. Сондықтан, диагностика мен коррекциялық жұмыстардың маңызы зор, – деп толықтырды облыстың шаттан тыс бас балалар психиатры Ирина Брико.

Дөңгелек үстелде, галым, педогогика бағытында PhD докторы Айнагуль Рымханова және басқа да ведомства өкілдері мен мамандар өз пікірі мен ұсынысын ортаға салды.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов өз кезегінде барлық пікірді мұқият тыңдап, ұсыныстарды қойын дәптеріне түртіп алғанын айтты.

– Бұл – өте өзекті мәселе. Бірақ, барлық жауапкершілікті мемлекеттің мойнына жүктеп қоюға болмайды. Ата-аналардың орталық мамандарының белсенділігін көріп отырмын. Салалық ведомствалар да үлес қосуда. Осы белсенділіктен таймай, бірлесіп жұмыс атқарайық. Өйткені, балалар – болашағымыз. Көп жұмыс атқарылды. Әлі де атқарыла бермек. Қалаларлық инватекс қызметін реттеу, осындай орталық санын көбейту, құжат жинауды жеңілдету, маман тапшылығын шешіп, мемлекеттік тапсырысты үзеу сынды бірқатар мәселе тұр. Жұмыла жұмыс істесек, алынбайтын қамал жоқ. Алдағы күннен үміт мол, – деп қорытындылады Нұркен Сайфиддинұлы.

## Сөз соны

Ең бастысы – ерекше балалар қоғам назарынан қалтарыста қалмауы тиіс. Оларға сапалы білім, медициналық және әлеуметтік көмек көрсету – мемлекеттің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Мұндай кездесулер осы бағыттағы жүйелі жұмыстың бастанамасы болары анық.

Бұл дөңгелек үстел аутизмді бар балаларға қолдау көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды алаң болды. Жиын барысында айтылған ұсыныстар мен пікірлер болашақта нақты іс-шараларға ұласатынынан үміттіміз.

Суреттерді түсірген  
Александр МАРЧЕНКО



балаларға көмек береді. Сонымен қатар, массаж, кинезотерапия, емдік дене шынықтыру, невролог және реабилитолог дәрігерлер де қызмет көрсетуде. Орталығымызда мемлекеттік тапсырыс бойынша 2024 жылы 150 баланы, 2025 жылы 100 баланы көмекпен қамтамасыз еттік. Бұл – ата-аналар үшін үлкен қолдау. Өйткені, мұндай балаларды тәрбиелеп отырған отбасыға ай сайын қаржылай салмақ түседі. Сондықтан, мемлекет қолдауы – аса маңызды, – деп атап өтті Маржан Борисқызы.

Дерекке сүйенсек, қазір орталықтың штатында 51 қызметкер жұмыс істейді. Олардың қатарында педагогикалық, медициналық құрам және құжаттамалық жұмыстарды реттейтін әкімшілік блок бар.

Одан бөлек, орталық Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетімен 3 жылдан астам уақыт бойы бірлесіп жұмыс істеп келеді. Өзірге үш филиал ашылған. Іс-тәжірибеден өтуші студенттерге жұмысқа орналасуға да мүмкіндік қарастырылған. Сондай-ақ, мамандардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Олар орталық есебінен Мәскеудегі Юлия Эриц мектебінде (АВА-терапия бойынша) және Алматы, Астана қалаларында логопедия мен дефектология бағыттары бойынша білімін толықтырады.

Былтыр орталық базасында Қарағанды медицина университетінің неврология, реабилитология және психиатрия кафедрасы ашылған. Көптеген студент-реабилитологтар мен неврологтар осында тәжірибеден өтіп, болашақта осы салада қызмет етуге мүмкіндік алады.

Дерекке сүйенсек, облыста мұндай бірнеше орталық бар. Десе

де, әр ерекше балаға көрсетілген көмек оның өмірін жақсартуға себеп болуы мүмкін. Осыны түйсініп, баланың жігерін жанитын әр мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, еліміз қызмет етуге бел будым. Басшылықтың қолдауы арқылы Польшада біліктілігімізді арттырып, түрлі семинарларға қатыстым. Әр баланың жүрегіне жол тауып, жұмысымызды адал атқарып, кәсіби маман болғым келеді, – деп толғанды жас маман Фатима Нұрланқызы.

## Мемлекеттік қолдау және нақты қадамдар

Жиын барысында мемлекеттік қолдаудың қазіргі жағдайы, заңнамалық база және оның тиімділігі кеңінен сөз болды. Қатысушылар медициналық, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелері арасындағы өзара байланыстың маңыздылығын ерекше атап өтті. Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың маңыздылығы мен атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Атаулы күн аясында аутизм диагнозы бар балаларды көпсалалы сүйемелдеуді қамтамасыз етудегі мемлекеттік қолдаудың маңызы қоғамымыздың даму деңгейін, әрбір баланың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасауға қаншалықты дайын екенімізді көрсетеді. Мемлекет бұл бағытта нақты қадамдар жасауда. Ерекше қажеттілігі бар балаларды медициналық, білім беру және әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін реттейтін заңдар қабылданды. Аутизмді неғұрлым ерте анықтау және уақытылы қолдау бағдарламалары жүзеге асырылуда, инклюзивті білім беру кеңейтіліп, отбасыларды қолдау шаралары енгізілуде. Сонымен



жүйе, жан басына қаржыландыру) және саладағы олқылықтар мен қажеттіліктер де сарапталды.

Қатысушылар көпсалалы командалық жұмыстың тиімді моделдерін қарастырып, дәрігер, педагог, психолог және міннез-құлықты қалыпта келтіретін мамандарының бірлесіп әрекет етуінің маңыздылығын айтты. Одан бөлек, ведомствоаралық кездерілер мен оларды еңсеру жолдары ұсынылды.

Уақытылы диагностика мәселесі де назардан тыс қалмады. Мамандар баланың диагнозын ерте жастан анықтап, дер кезінде бағытталудың болашақтағы дамуына тікелей әсер ететінін жеткізді. Осыған байланысты бірыңғай бағыт жүйесін қалыптастыру қажеттілігі айтылды.

– Соңғы жылдары елімізде осы диагнозбен ауыратын бала саны өсуде. Мамандар нақты көрсеткіштер диагностиканың жет-

кейіпкер – жас бала. Анасынан сал болып туған. Жоғары оқу орнын үздік аяқтап, шет елге жұмысқа кеткелі тұрған туған апасы бауырын қимай, қасында қалады. Күні бойы қасында жүріп, бар мейірін төгіп, аяққа тұрғызады. Кейін әлгі бала аяққа тұрып, мемлекеттің қолдауымен өзі сүйген спорттан чемпион атанып, өзін тастап кеткен әкесіне рухының биік екенін дәлелдейді. Нарық заманы қанша қысқа да, осындай жанашырлық, бауырмалдық, бірлік бізге де керек. Жас маман Фатиманың бойынан осыны көріп қуанып отырмын, – деді Халел Максұтов.

Сондай-ақ, ата-аналардың рөлі ерекше атап өтілді. Баланың дамуы мен әлеуметтенуінде отбасының қатысуы шешуші фактор екені айтылып, ата-аналарға психологиялық және моральдық тұрғыда кеңес беру көмегін кейінгі ұсынылды. Одан бөлек, аутизмді бар балаларды тексеруден өткізер-

тизмнің жеңіл және ауыр формасы бар. Олар білім беруде, әлеуметтендіруде және ата-аналармен жұмыс істеуде түрлі тәсілдерді қажет етеді, – дейді Қарағанды медицина университетінің ректоры Бақыт Көшерова.

Бақыт Нұрғалиқызының айтуынша, мұндай орталықтар Қарағанды медицина университеті психиатрия, неврология және реабилитология кафедралары үшін клиникалық база болып есептеледі. Қазір оқу орнында 40 невролог, 22 психиатр және 22 реабилитолог білім алып жатыр. Биыл 20 невролог пен 10 психиатр оқуын аяқтайды. Жалпы тәжірибелік дәрігерлер де оқыту жоспарда. Өйткені, олар – мәселені ерте жастан (3 жасқа дейін) анықтайтын алғашқы буын. Сондай-ақ, ата-аналарға эмоционалдық тығырықтан шығуға көмектесу үшін оларға арналған біліктілікті арттыру курстарын өткізуді де көзден отыр.

# Білім миграциясының мәнісі

Бір кездері «Шетелде білім алып келді» деген сөз сирек айтылатын. Қазіргі уақытта шекара асып, білімін жетілдірген жастардың саны едәуір. Білімнің өмірдегі маңызын терең түсінген жастар мен ата-аналар жоғары білім алудың ең тиімді жолдарын іздеуге ұмтылады. Сол ең тиімді жолдың бірі – шетелде оқу деп санайды. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарының филиалдарын ашуға қатысты тиісті орындарға тапсырма бергені де мәлім. Бүгінде мемлекет қол қусырып отырған жоқ. Бұған қадамдар жасалуда. Бірақ, білім іздеп, шекара асқан жастар легі әлі де қалын.



## БІЛІМ – БОЛАШАҚ ІРГЕСІ

мүмкіндігі барын атайды.

– Шетелге кез келген талапкер түсе алады. Шетелге оқуға түсу үшін ҰБТ нәтижесі керек те емес. Менің ойымша, оқуға түсу сұранысы жоғары елдер – қазақстандықтар үшін оңай немесе өмір сүру арзан елдер, мысалы Қытай, Словакия. Магистратураға Италия, Германия көп грант бөледі. Бакалавр бойынша Словакияны атап айта аламын. Сондықтан, білім алғысы келетін адамға еш кедергі жоқ. Сонымен қатар, шетелде тек ауқатты отбасының балалары ғана білім ала алады дегенге келіспеймін. Гранттар өте көп шетелде. Көптеген ата-ананың жіберетін қателігі – баламен ақылдаспай, ұнамайтын елге немесе мамандыққа шетелге жіберу. Ол мүддем дұрыс емес, кейін баланың ынтық кетіп, оқуға көңіл бөлмей, пыдамай елге қайтады. Сонда былай қарап тұрсаңыз, баланың қанша уақыты босқа кетеді.

«Егер қорапқа алмаз салсаң, бағалы, әдемі қорап болады, егер қорапқа қымыс салсаң, қымыс жәшігі болады» деген сөз бар. Адамның миы да сондай. Біз талапкерлерге дәл Словакияға оқуға түсуге көмектесеміз. Бұл елде шетелдіктер үшін словакия тілінде тегін білім алу мүмкіндігі бар. Біз құжат жинаудың алғашқы кезеңінен бастап, Словакияда үш жылға дейін уақытша тұруға толық қолдау көрсетеміз, – дейді Досымжан Бахытжанұлы.

Шет мемлекетте оқу – мүлде басқа ортада өмір сүру деген сөз. Әртүрлі мәдениет, салт-дәстүр, өмір салтымен танысу жастардың ой-өрісін кеңейтеді. Олар өзге елдің құндылықтарын көріп, салыстыра отырып, өз ұлттық болмысын тереңірек түсіне бастайды. Көпшілігі ортада білім алу жастарды төзімділікке, өзге пікірді құрметтеуге, ашық ойлауға тәрбиелейді. Бұл қасиеттер қазіргі қоғамда қажет-ақ. Себебі, бүгінгі еңбек нарығында тек білімді емес, сонымен қатар, коммуникацияға қабілетті, икемді, әлемдік деңгейде ойлай алатын мамандар қажет.

Динара ҒАБДЫҒАЛЫМ

# Нарықта қай мамандық қат?

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мен бастауыш сынып мұғалімі мамандығын бітірдім. Университетте оқып жүргенде өз мамандығым бойынша жұмыс табу қиын болмайды деп ойладым. Бірақ, оқу бітірген соң бірден жұмысқа орналасу оңай болмады. Көп мектептерде тәжірибесі бар мамандарға сұраныс жоғары екенін байқадым. Ал, жас маман ретінде тәжірибе жинау – ең үлкен мәселе. Сол себепті біраз уақыт жұмыс іздеп, түрлі мүмкіндіктерді қарастыруға тура келді. Қазір тәжірибе жинау үшін қосымша курстарға қатысып, уақытша жұмыстарды да қарастырып жүрмін. Менің ойымша, қазіргі жастар тек дипломға сенбей, оқу кезінде-ақ тәжірибе жинауға көңіл бөлуі керек. Сонда еңбек нарығына бейімделу әлдеқайда жеңіл болады, – дейді жас маман.

– Жастарды қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар да іске асырылуда. Солардың бірі – «Жастар тәжірибесі» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы жас мамандар 12 айға дейін жұмыс істеп, алғашқы тәжірибе жинай алады. 2026 жылы осы бағдарлама аясында 720 жасты жұмыспен қамту жоспарланған. Сонымен қатар, өңірде бос жұмыс орындары жәрмеңкелері тұрақты түрде өткізіліп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Алдағы 3-5 жылда Қарағанды өңірінде 10 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Бұл – жаңа индустриалық жобалардың жүзеге асуына байланысты. Сарапшылардың болжамына, өнеркәсіп, машина жасау, тау-кен және металлургия, құрылыс, әлеуметтік сала және қызмет көрсету бағыттарында жұмыс орындары айтарлықтай артады, – дейді Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мамандары.

Қарағанды облысында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша кеңесшілер оқытылуда. Ерекше қажеттіліктері бар адамның өзіне лайықты жұмыс тауып, жаңа жұмыс орнына сәтті бейімделуі үшін оған Job Coach маманының қолдауы көрсетіледі.

Қарағандыда мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша кеңесшілерді оқыту бағдарламасы енгізілуде – Job Coach for People with Disabilities. Мұндай маман тараптар арасындағы өзара байланысты қалыптастырып, түсінбеушілік тәуекелдерін азайтып, инклюзивті жұмыс ортасын құруға ықпал етеді. Жобаны ұйымдастырушы – ITeachMe қоғамдық қоры. Бағдарлама мемлекеттік құрылымдар мен Қарағанды облысының еңбек мобильділігі орталығының қолдауымен жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің штаттан тыс кеңесшісі, ITeachMe қоғамдық қорының директоры Захира Бегалиеваның айтуынша, оқытуды әлеуметтік қорғау және инклюзивті жұмыспен қамту саласындағы тәжірибелі сарапшылар жүргізеді.

– Job Coach маманының негізгі міндеттері – мүгедектігі бар адамдарға жеке кеңес беру, олардың кәсіби әлеуетін анықтау, жұмыс іздеу кезеңінде сүйемелдеу, жұмыс берушілермен өзара әрекет орнату, бейімдеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, сондай-ақ, жұмыс орнында бейімделу кезеңінде қолдау көрсету. Жоба мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және сүйемелдеу бойынша мамандардың кәсіби даярлық деңгейін арттыруға бағытталған. Оқу барысында қатысушылар мүгедектігі түсінудің заманауи үлгілерін меңгереді, халықаралық тәжірибені қарастырады, нақты кейстерді талдайды және Job Coach маманының кәсіби қиындықтарын талқылайды, – деді қор директоры.

Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту мәселелері Қарағанды облысының әкімі Ермәганбет Бөлекпаевтың ерекше бақылауында.

Қарағанды облысында еңбек нарығы нақты бағыттарға негізделген. Жастар үшін мүмкіндік көп болғанымен, басты мәселе – дұрыс мамандық таңдау мен тәжірибе жинақтау. Еңбек нарығының сұранысына бейімделген жас маман ғана табысты бола алады. Сондықтан, бүгінгі таңда жастар үшін ең маңыздысы – тек диплом алу емес, нақты дағды мен тәжірибе игеру.

Суреттерді түсірген

Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Here? Бұл таңдауға әсер ететін негізгі фактордың бірі – Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі. Қазіргі таңда ҰБТ көптеген талапкерлер үшін үлкен жауапкершілік пен психологиялық қысым тудыратын кезеңге айналды. Бір ғана тестілеудің нәтижесі грантка түсу, не түспеу мәселесін шешетіндіктен, кейбір жастар өз мүмкіндігін толық көрсете алмай жатады.

Мысалы, 2024 жылы тестке шамамен 186 мың мектеп бітіруші тіркелген. ҰБТ аяқталған кезде шамамен 181 мыңнан астам талапкер тест тапсырған. 2024 жылғы ҰБТ-дан шекті баллды шамамен 71-76% талапкер жинаған. Орташа балл – шамамен 64-68. Ең жоғары балл 136 балдан жоғары шыққан. Біреудің бағы жанып, аз балмен жоғары оқу орнына түсіп кетті. Кейбір түлектер қанша балл алса да, түсе алмады.

Енді олар не істейді? Әрине, ақылды бөлімге түседі, оның өзінде оқу ақысы қымбат. Көп

университеттерде оқу ақысы жыл сайын өсе береді. Бұған біреудің жағдайы жеткенмен, кейбірінің жағдайы келмейді. Мемлекет жыл сайын мыңдаған білім гранттарын бөледі де, бұл жеткіліксіз. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, алдағы үш жылда ұлттық университеттерде бір студентті оқытуға бөлінетін орташа қаржы – 1,04 млн теңге болады. Бұрын бұл көрсеткіш 920 мың теңге болған.

Осыған байланысты талапкерлер баламалы жол ретінде шетелдік жоғары оқу орындарын қарастырады. Онда оқу орнына қабылдау кезінде мектептегі үлгерім, тіл білу деңгейі, жеке қабілеттер ескеріліп, талапкерге өзін жан-жақты танытуға мүмкіндік беріледі. Оқу ақысы да біздің елмен салыстырғанда арзан, тіпті, ҰБТ-сыз грантка түсуге мүмкіндіктері бар.

Білім сапасы да әлдеқайда жақсы. Көптеген дамыған елдер-

дегі жоғары оқу орындары халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейді. Ондағы оқу бағдарламалары заман талабына сай, тәжірибеге негізделген және студенттің өздігінен ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Шетелдік университеттерде студенттер тек теориямен шектелмей, зертханалық жұмыстарға, ғылыми жобаларға, тәжірибелік сабақтарға белсенді қатысады. Бұл болашақ маманның өз саласын терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытушылардың кәсіби деңгейі, академиялық еркіндік пен әділ бағалау жүйесі де жастарды қызықтырады.

Шетелде оқуға түсу мүмкіндігі молдығын сонда оқып, қызмет етіп жүрген отандастарымыз да растайды. Мәселен, Arply.kz компаниясының негізін салушы Досымжан Ғабдығалым шетелде тек ауқатты отбасының балалары ғана білім ала алады деген пікірге келіспейтінін, шетелдік оқу орындарында оқуға әркімнің

## • ГАСТРОЛЬ

# Мадам. Муза. Маэстро

Қарағандыда «Франкофон көктемі – 2026» фестивалі аясында ерекше музыкалық кеш өтті. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің залында өткен концертте француз пианисті, Париж жоғары ұлттық музыка консерваториясының оқытушысы Кристин Фонлюпт алғаш рет Қазақстан сахнасында өнер көрсетті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Әйелдер шабыты» деп аталған концерт бағдарламасы камералық әрі лирикалық туындылардан құралды. Кеш елдерін камтитын гастрольдік турдың бір бөлігі. Бұған дейін пианист Қырғызстан мен Алматыда өнер көрсеткен, ал алдағы уақытта Өзбекстан мен Түрікменстанда концерт бермек.

Кештің финалы көрермен үшін тосынсызға толы болды. Пианист түрік композиторының шығармасын орындап, фортепиано әуенін ұлттық барабан үнімен үйлестірді. Ерекше орындау мәнері тыңдарманның зор ықыласына бөленді.

Тығыз кестесіне қарамастан Кристин Фонлюпт Қарағанды туралы жылы пікір білдірді. – Осындай тамаша көрермен бар екеніне рақмет! Қарағандыда тағы да жүздескенше, – деп тыңдарманның зор ықыласына бөленді.

– Мен Франция мәдениеті мен француз музыкасын таныстырғым келді. Музыка – адамдарды біріктіретін, бір-бірін түсінуге мүмкіндік беретін әмбебап тіл. Бұл концерт әйел-композиторларға – Сесиль Шаминанд пен Мель Бониге арналды. Бұл – музыкадағы әйел көзқарасының шабытын және күшін көрсетуге талпыныс. Орындаған шығармаларым болашақта жарық көретін дискінің репертуарына енеді, –

деді Кристин Фонлюпт.

Кеш Қазақстандағы Франция елшілігі мен Француз альянсының қолдауымен ұйымдастырылды. Франция елшілігінің мәдениет жөніндегі аттасшысы Од Кристофтың айтуынша, Қарағандыдағы концерт Орталық Азия елдерін камтитын гастрольдік турдың бір бөлігі. Бұған дейін пианист Қырғызстан мен Алматыда өнер көрсеткен, ал алдағы уақытта Өзбекстан мен Түрікменстанда концерт бермек.

Кештің финалы көрермен үшін тосынсызға толы болды. Пианист түрік композиторының шығармасын орындап, фортепиано әуенін ұлттық барабан үнімен үйлестірді. Ерекше орындау мәнері тыңдарманның зор ықыласына бөленді.

Тығыз кестесіне қарамастан Кристин Фонлюпт Қарағанды туралы жылы пікір білдірді. – Осындай тамаша көрермен бар екеніне рақмет! Қарағандыда тағы да жүздескенше, – деп тыңдарманның зор ықыласына бөленді.

– Мен Франция мәдениеті мен француз музыкасын таныстырғым келді. Музыка – адамдарды біріктіретін, бір-бірін түсінуге мүмкіндік беретін әмбебап тіл. Бұл концерт әйел-композиторларға – Сесиль Шаминанд пен Мель Бониге арналды. Бұл – музыкадағы әйел көзқарасының шабытын және күшін көрсетуге талпыныс. Орындаған шығармаларым болашақта жарық көретін дискінің репертуарына енеді, –

## • ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

# Озаттар олжалы оралды

Алматы қаласында 9-11-сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық цикл пәндері, сондай-ақ, география мен химия бойынша республикалық олимпиадасы өткен болатын. Оған облыс атынан да команда қатысып, нәтижесінде 16 оқушы жүлдемен оралды. Солардың қатарында Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары да қатысып, бір алтын, үш күміс және бір қола жүлде жеңіп алды. Мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Қарағанды вокзалынан күтіп алып, құрмет-қошемет көрсетті.

Жалпы, бұл олимпиадаға аталған мектептен география пәні бойынша алты оқушы қатысқан болатын. Солардың қатарында, 9-сынып оқушылары арасында ұшқырлығымен көзге түскен Сырым Амантай – I орын иеленсе, Ділді Сахтәберген – II орыннан көрінді. Ал, 10-сынып оқушылары арасында өткен бәсекеде Аружан Амангелді мен Алишер Алғалиев те күміс жүлдеге ие болды. 11-сынып оқушылары арасында қақ сынаған Ерали Қалыш бола жүздені қанжығалап қайтты. Жүлдегерлер қатарында «Білім-Инновация» №1 және №2 лицейінің оқушылары да бар. Химия пәнінен Саян Мәжит II орын алса, қола жүздені Даниил Шен



мен Азиз Басқар иеленді. Ал, географиядан Нүрия Мұханбетәлі күміс медальға қол жеткізді. Әмина Ысқақова болса олимпиаданың қола жүлдегері атанды.

Айта кетейік, бұл олимпиадаға Сырым Амантайдың екінші мәрте қатысуы екен.

– Былтыр күміс медаль иеленіп едім. Биылғы бәсекеде бағым да бабым да келісіп, абсолютті чемпион атандым. Биылғы байқаудың ұйымдастырылуы жоғары деңгейде өтті. Бірақ, берілген тапсырмалар өте күрделі болды. Бойымда қобалжу да, қорқыныш та болды. Десе де, тыңғылықты дайындығымның нәтижесінде жеңіске жеттім. Өз басым олимпиадаға дайындықты 2025 жылдың тамызынан бастағанмын. Менің басты

қолдаушыларым – ата-анам. Әрі осындай деңгейде мені дайындаған жетекшіме де алғысымды айтамын, – деді ол.

Оқушыларды олимпиадаға дайындаған мектеп мұғалімі – Рахым Серік. Әрі өзі осы мектептің түлегі көрінеді. Мұғалім өз сөзінде бұл жетістіктің бәрі жүйелі еңбек пен табандылықпен келгендігін айтады. Олимпиаданың күміс жүлдегері Аружан Амангелді болса, ақтық кезеңнің қиынға соққанын айтады.

– Олимпиаданың алғашқы екі кезеңінде келген тапсырмалар мен үшін аса қиындық тудырған жоқ. Тек, үшінші кезеңде ғана қиындықтар болды. Негізі, бұл кезеңдегі бағалау басқа кезеңнің ұпайларына қарағанда жоғары болды. Ал, мен шешуші кезеңде тиісті ұпайды

жинай алмай, алтыннан қағылып қалдым. Бірақ, алтын алмасам да, осы олимпиадаға қатысқанымға қуаныштымын. Мен қазір 10-сыныпта оқимын. Болашақта география пәнінің мұғалімі болғым келеді, – деді ол.

Дарынды оқушылардың жеңісі тек білім ордасының ғана емес, аймақтың да абыройы. Олай болса, олимпиада озаттарына тек сәттілік тілейміз!

Дарина САМЕН,  
Е.Бөкетов атындағы Қарузу  
IV курс студенті

Сурет  
Н.Нұрмақов атындағы  
мамандандырылған  
мектеп-лицей-интернатынан

# Көшедегі тазалық көңілден басталады

Табиғат-Ана түлеп, бусанған дала жусан пісімен тыныстай бастағанда, адамзаттың да ішкі дүниесінде бір жанаруға деген құлшыныс оянатыны заңдылық. Өйткенмен, жер-дүние өз заңымен жанғырғанымен, біздің табиғатқа деген көзқарасымыз қаншалықты өзгерді? «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастама аясында облысымызда өткен «Тазару күніне» 10 мыңға жуық тұрғын қатысып, 30 мың тонна қоқыс жиналды. Бұл бір жағынан қуантарлық көрсеткіш болса, екінші жағынан «біз неге сонша қоқыс тастаймыз?» деген өткір сұрақты көлденен тартады.

**Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Цифрлық бағам

Бүгінде экомәдениет тек ұран ғана емес, нақты өндірістік және цифрлық сипатқа ие болды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы өңірдегі экологиялық саясаттың темірқазығына айналды. Мәселен, биылғы көктемде жасыл белдеуді қалыптастыру жұмыстары жаңа деңгейде. Өуежай бағытындағы жол бойында жалпы аумағы 90 гектарды қамтитын біртұтас жасыл алқап жасакталуда. Бұл аймаққа негізінен біздің қатал климатымызға төзімді үйенкі мен қарағаш көшеттері егіледі. Мұндай ауқымды жұмыстар «Қарағанды-Теміртау» және Спассек бағытындағы тасжолының бойында да кезек-кезеңімен жалғасын таппақ.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, қазіргі таңда өңірдегі орман тұқымбақтарында 5,5 миллион дана көшет дайын тұр. Бұл – ертеңі ну орманның үлкен әлеуеті екені даусыз. «Таяқтың екі ұшы бары» секілді осы орасан зор көрсеткіштің көлденеуі тусы да бар. Ресми деректерге сүйенсек, облыста егілген ағаштардың небәрі 55-60 пайызы ғана жерініп, толық өсіп шығады. Яғни, егілген әрбір екінші талдың қурап қалу қаупі жоғары.

Дәл осы жерсінуді көрсеткішінің төмендігі – бүгінгі экомәдениеттің ең өзекті мәселесі. Мемлекет қанша қаржы бөліп, миллиондаған көшет егіп жатқанмен, оны жүйелі күтіп-баптау тетігі ақсап тұрғаны жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін биыл өңірде арнайы жылжымай кешенін салу жоспарлануда. Сол жылжымай кешенің алдымен ала климатқа бейімдеп, жерсінуді пайызын арттыратын болады.

Биыл аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың «Егу – бір бөлек, оны күтіп-баптау – бір бөлек», – деп қатан талап қоюы да сондықтан. Әкімдіктің пәрменмен қалалар мен елді мекендердегі ағаштарды суару және күту жұмыстары қатаң бақылауға алынған. Өйткені, экомәдениет – ағашты жерге қадап кету емес, оның тамыр

жайып, саялы баққа айналғанша жауапкершілігін сезіну. Егер біз жерсінуді көрсеткішін 60 пайыздан жоғары көтере алмасақ, 5,5 миллион көшеттің жартысы желге ұшқан ақшамен тең болмақ. Демек, бүгінгі басымдық – сан қылау емес, сапалы күтім мен ғылыми негізделген қоғалдануы.

Заманауи экомәдениеттің тағы бір белгісі – цифрландыру. Бүгінде облыс бойынша 1,8 миллионнан астам ағаш цифрлық базаға енгізіліп, жасыл қор толық түгенделді. Қала көшелері мен қоғамдық орындарда 395 бейнебақылау камерасы орнатылды.

Тазалық – мәдениеттің өлшемі десек, «Наурызанама» онкүндігі аясындағы «Тазару күніндегі» көрсеткіштер – таң қаларлық. Бір күндің ішінде 10 мыңға жуық тұрғын көшеге шығып, 1,5 мың гектар аумақты тазартты. Нәтижесінде, 30 мың тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық жиналды.

Экологиялық индустрия да кенже қалып жатқан жоқ. Қарағандыда полимер қалдықтарын қайта өңдеп, қаптама шығару және қағаз зауытын салу бағытындағы екі ірі жоба іске асырылуда. Ал, Әбілқас Сағынов атындағы техникалық университет базасында ашылған еліміздегі үшінші «Экохаб» – жастардың инновациялық идеяларын жүзеге асыратын бірегей алаң. Мұнда пластик қалдықтары велощредердің көмегімен ұсақталып, заманауи бұйымдарға айналады.

## Жауапкершілік жүгі

Ресми деректер мен атқарылған іс-шаралардың ауқымы көңіл көншіткенмен, оның арғы жағындағы тереңірек мәселелерге үңілгенде, көкейге көп сауал ұялайды. Осы тұста табиғат жанашыры, биолог-ғалым Ернар Кейкінің пікірінше, экомәдениет – тек қолға сыпырғыш ұстау емес, ол – адам мен табиғат арасындағы үзілген байланысты қайта тірілту. Оның айтуынша, біздегі экологиялық нигилизмнің, яғни, қоршаған ортаға деген бейжайлықтың тамыры тереңде.

– Біздің экологиялық мәдениетіміздің ақсап тұруының бір себебі – жеріміздің кеңдігінде болуы әсте мүмкін. Қазақстан жер аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орында болғанымен, халық



тығыздығы бойынша тізімде 70-тің ішінде. Осы алшақтық адамды табиғатқа жақындатудың орнына, керісінше, одан алшақтатып жіберді. Біздің санамызда «жер кең, сыйып кетеміз, табиғаттың ресурсы таусылмайды» деген бейсаналы, бірақ, өте қауіпті сенім қалыптасқан. Жері алақандай, бірақ, халқы тығыз орналасқан Жапония немесе Дания секілді елдерде әр сүйем жердің қадірі алтынмен тең. Онда экомәдениет – ұран емес, өмір сүру салты. Мәселен, Данияның бүкіл жер аумағы біздің облыстағы бір ғана Шет ауданымен тең. Десе де, олар сол шағын аумақта отырып, бүкіл Еуропаны асырайтын мал шаруашылығын дөңгелетіп, табиғаттың әр компонентін үнеммен пайдалануды әлдеқашан үйренген. Ал, біздегі осы ұлан-ғайыр кеңдік – өкінішке қарай, жеке жауапкершіліктің кемуіне алып келгендей. Біз кеңдікті қадірлеуді емес, оны «кез келген қоқысты жұтып қоятын шексіз кеңістік» деп үнеммен пайдалануды әлдеқашан үйренген. Ал, біздегі осы ұлан-ғайыр кеңдік – өкінішке қарай, жеке жауапкершіліктің кемуіне алып келгендей.

Ернар Кейкі тағы бір өткір мәселені – су ресурстарының сарқуын биологиялық аналогиямен түсіндіреді. Адам денесіндегі вена мен артерия қан тамырлары секілді, жерасты суларының да өз жүйесі бар. Жердің беткі қабатындағы бұлақтар мен өзендер – вена болса, тереңдегі артезиан сулары – артерия.

– Қазіргі «Ақбұлақ» секілді бағдарламалар арқылы біз жердің тереңіндегі артезиан суларын жаппай сорып жатырмыз. Бұл – жердің артериялық қысымын өзгертіп, беткі қабаттағы веналардың, яғни,

Қазақстан жер аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орында болғанымен, халық тығыздығы бойынша тізімде 70-тің ішінде. Осы алшақтық адамды табиғатқа жақындатудың орнына, керісінше, одан алшақтатып жіберді. Біздің санамызда «жер кең, сыйып кетеміз, табиғаттың ресурсы таусылмайды» деген бейсаналы, бірақ, өте қауіпті сенім қалыптасқан.

бұлақтардың кебуіне әкеп соқтыруы да неғайбыл? Бұрынғы бабаларымыз еспе су мен бұлақ көзін ашып қана пайдаланса, қазіргі технологияның араласуы табиғаттың миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан тепе-теңдігін бұзып жатқан сияқты.

Тағы бір айтарым, ең басты мәселе – санада. Қоқысты қол тастағанмен, бар пәрмен, билік – мида. Мысалы, Жапонияда адамдар қоқысты сұрыптаудың өзінен ләззат алады. Өйткені, бұл – олардың ішкі мәдениеті. Біздегі тазалық жұмыстарының көбіне маусымдық сипатта қалып, көктем біткен соң саябырлап қалатыны да осы экосаның жүйелі түрде қалыптаспағанын білдірсе керек. Бүгінгі ұрпақтың табиғаттан алшақтағаны соншалық, 13 жасар баланың қала маңында адасып қалғанының өзі қоғамды дүрліктіріп, Бұрнағы бәзібаларымыз «13 жаста отау иесі» деп тегін айтпаса керек-ті. Олар жастайынан табиғаттың тілін, жұлдыздың бағытын таныған. Ал, қазіргі балалар бағдардан жаңылып қалады, – деді ол.

Шынында да, қазақ халқының табиғатпен егіз екенін екі ағайын кездескендегі «Мал-жан аман ба?» деген амаңдығынан-ақ аңғаруға болады. Астарына үңілсек, бұл – бүкіл даланың биосфе-

ралық жағдайын сұрау. Өйткені, көшпелі қазақ үшін малдың аман-дығы – жайылымның, судың, яғни табиғаттың амандығы. Алтай мен Атырау арасындағы ұшы-қиыры жоқ кең далада бос жатқан пұшпақ жоқ еді, себебі, әр рудың, әр болыстың өз өрісі, өз жері болды. Осы салт-сананың бәрі төрт түлікке, демек, табиғатқа негізделген.

– Ата-бабамыз ағашқа кие деп қарады. Жапан даладағы жалғыз ағашты қастерлеп, жанына үй тіксе де, бір талын сындырмай, малдың тезегін жағып күнелтті. Бірақ, сол ағаштан баланың бесігін, майшелек пен күбісін, ер-тұрманы мен қару-жарағын жасап, тұрмысына жан бітірді. Осы құрметтің белгісіндей қартамызда Теректі, Қайыңды, Жалпақшілік пен Ұзыншілік деген ауылдар қаптап тұр. Алайда, бүгінде сол Теректіде терек, Қайыңдыда қайың некен-саяқ қалғаны біздің экомәдениетіміздің жұтағанын көрсетпей ме? Ат қойғанда кие тұтқан халықтың бүгінгі ұрпағы сол киенің тамырына балта шапқандай күй кешуде, – деп түйінделі ол өз сөзін.

## Смартфондағы сауат

Бүгінде экомәдениеттің жаңа толқыны қалыптасып келеді деуге толық негіз бар. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің аға оқытушысы, эколог Гүл-



шара Әбиеваның пайымдауынша, қазіргі жастардың экологиялық жауапкершілігі өткен буыннан мүлдем өзгеше сипатта.

– Қазіргі студенттердің экологиялық сауаттылығы – жоғары. Мәселен, олар таңертең жүгіруге шықпаса бұрын немесе серуендеуді жоспарлағанда смартфондағы арнайы қосымшалар арқылы ауаның сапасын (PM2.5 көрсеткішін) қадағалайды. Бүгінде жастар арасында шоппер мәдениетінің қалыптасуы – тұтынушылық сананың өзгергенін аңғартады. Дүкенге барғанда бір реттік полиэтилен пакеттерден бас тартып, матадан тігілген сөмкелерді таңдау, пластик бөтелкелердің орнына көп рет қолданылатын термос-сауыттарды ұстау – сән емес, саналы шешім.

Бұл үрдіс тек жекелеген адамдардың әрекетімен шектелмей, ауқымды әлеуметтік желілердегі челленждер мен акцияларға ұласуда. Мәселен, «TazaLike» экологиялық фестивалдері мен «Өзіңнен баста» жастар акциясы Қарағанды жастарының басын біріктірген бірегей алаң. Экологиялық айтуынша, қазіргі еріктілер үшін тазалық жұмыстары – ескіше «субботник» емес, экофестиваль.

– Жастар бірігіп қоқыс жинап қана қоймай, оны сұрыптауды, қайта өңдеудің маңызын дәріптеуді әлеуметтік желілер арқылы белсенді насихаттайды. Олар түсірген қысқа видеолар (Reels, TikTok) мен креативті постерлер мыңдаған замандастарының санасына қозғау салып, экомәдениетті трендтегі дүние ретінде қабылдауға дәріптейді, – дейді Гүлшара Бакбергеновты.

Ауа мен су, жер мен желек – баршамызға ортақ қазына. Сондықтан, оны аялау – тұтас қоғамның азаматтық парызы. Халқымыз «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ» деп тегін айтпаса керек. Қадыр ақын «Туған жердің тылсым сырын ұғып көр» деп жырлағандай, біз туған өлкеміздің тамыр бүлкілін тек көктемгі науқанда ғана емес, әр сәтте жүрепкен сезіне білуіміз керек. Көктемнің ерке қамалымен келген осы бір тазалық лебі көшедегі қоқысты ғана емес, көңілдегі бейжайлықты да аршып, жүрегімізге туған жерге деген шынайы жылылық ұялтаса игі. Тек санамыз сауыққанда ғана туған жердің тынысы ашылып, келер ұрпаққа мөлдір суы мен жасыл орманы сақталған таза аманат қалдыра аламыз.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Ірі жоба, үлкен үміт

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер басталған іс жүйелі жалғасын тауып, инвестиция мен технология, білім мен жауапкершілік өзара үйлесім тапса, Қайрақты қазынасы Қазақстанды әлемдік сындарлы минералдар кеңістігінде жаңа деңгейге көтерері анық. Сол кезде «вольфрам векторы» ел дамуының айқын бағдаршамы болары күмәнсіз ақиқат.

## Стратегиялық серпілік


Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жобаны жүзеге асыруға жан-жақты қолдау көрсетілетінін мәлімдеді.

– Бұл – өңір үшін ауқымды әрі стратегиялық маңызы бар жоба. Жергілікті атқарушы органдарға қатысты барлық мәселе уақытылы шешіледі. Біз толық қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді облыс әкімі.

Әлбетте, Қарағандыны қайта танып, көзқарас жаңартып алуға себеп боларлық мұндай жобалар аз емес. Сөйтіп, Қайрақты қазынасы «оянған» бетте Қарағанды облысы әлемдік вольфрам өндірісінің 15%-ға жуығын қамтамасыз ете алады. Мұны бір сөзбен инвестициялық табыс, стратегиялық жеңіс, ел экономикасының жаңа бетбұрысы дейміз.

Cove Kaz Capital Group LLC бас директоры Доминик Хитон болса, компания жобаның ұзақ мерзімді сипатын толық түсінетінін және жергілікті қадірлік әлеуетін барынша тартуға ниетті екенін баса белгіледі.

– Біз жобаны іске асыру ба-



рысында жергілікті билік пен тұрғындар алдындағы жауапкершілікті терең сезінеміз. Қарағанды облысы – өндірістік әлеуеті жоғары, кәсіби мамандары жеткілікті индустриялық өңір. Ұзақ мерзімді кезеңде жергілікті мамандарды оқытып, шетелдік қызметкерлерді кезек-кезеңімен алмастыруды жоспарлап отырмыз, – деді ол.

«Тау-Кен Самұрық ҰТҚ» АҚ басқарма төрағасы Нариман Әбсәметовтің мәліметінше, «Сол-

түстік Қатпар» мен «Жоғарғы Қайрақты» – әлемдегі аса ірі вольфрам кен орындарының қатарында.

Бұған дейін компания геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеп үлгерген. Құжатта стратегиялық қағида ретінде шикізат пен жартылай фабрикаттарды экспорттауға тыйым салу нормасы бекітілген. Өндіріс тек терең өңдеуге бағытталады. Жобаны іске асыру кезеңінде бюджет

бүйіріне шамамен 1,5 млрд АҚШ доллары көлемінде салық түсімдері түседі деп күтілуде.

Енді жоба құрылысына келелік. Әл-әзір назар тоқтатарлық ресми мәлімет жоқтың қасы. Дегенмен, кез келген жауапты да саналы жоба айналасы үш-бес жыл аралығында табалдырық төсеп, одан соңғы жылдарда толық қуат іріміне шыға бастайтыны анық. Толық қуатқа шыққанда жылдық өндіріс – 12 мың тоннаға жетіп

жығылмақ. Солайша жаһандық вольфрам ұштағанын түйіндеп тұрған ордалы ошақ дәуірінің басталуы жақын.

## Үлкен мүмкіндік – үлкен жауапкершілік

Жоба экологиялық тұрғыдан күрделі. Кен молибден, висмут және басқа элементтермен қоса келеді. Су тұтыну, қалдықтарды сақтау, аумақтың ластануы – негізгі тәуекелдер. Жергілікті тұрғындар (әсіресе, Жоғарғы Қайрақты ауылының тұрғындары) бұрынғы жобалар барысын байыптап, экологиялық тұрғыдағы алаңдаушылық білдіргені орынды. Қазір компания ESG стандарттарын сақтауға уәде беріп отыр, бірақ нақты экологиялық бағалау және мониторинг жоспары толық жариялануы керектігін де назардан тыс қалдырмаймыз.

Кез келген тәуекелді ескермей, жобаның сәттілігіне кепілдік беру қиын. Мәселен, нарықтың құбылмалылығын ешкім жосқара алмайды. Мысал үшін, былтырдан бермен қарай геосаяси факторларға байланысты, вольфрам бағасы күрт өсіп, құбылды. Яғни, мұндай жағдайда жобаның кірістілігін болжау да қиындай түседі. Бұған да кешенді әрі салауатты көзқарас қолданған ұтымды. Шектен тыс кешігулер капитал шығынын арттыруы кәдік.

Әр тараптан саралай келе, бірегей жоба Қазақстан Республикасы үшін нағыз «ойын өзгертуші» мүмкіндік. Есесіне тәуекелдерді басқару деңгейі оның

табысының кілті болатынын естен шығармақ жоқ. Қазақстан Республикасы Үкіметі, инвестор және жергілікті билік тарапынан ашық ақпарат, экологиялық бақылау және жергілікті қоғаммен тұрақты диалог қажет. Егер тәуекелдер дұрыс басқарылса, Қарағанды облысы әлемдік критикалық минералдар картасында маңызды орын алады.

## Тізгінтартар

Қайрақтының қойнаындағы қазына – уақыттың, технологияның және геосаясаттың тоғысқан нүктесі. Бүгінгі бастама ертеңгі индустрияның бағытын айқындауы бек мүмкін. Бір жағында – орасан мүмкіндік, экономикалық серпілік, жаңа жұмыс орындары мен әлемдік нарықтағы салмақты орын. Екінші жағында – табиғаттың нәзік тепе-теңдігі, жергілікті халықтың алаңдаушылығы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік тұр.

Тарихи таңдау асылында тек өндіріс көлемінде емес, даму сапасында да жасалмағы шындық. Егер ашықтық пен жауапкершілік, ғылым мен экология, инвестиция мен қоғамдық мүдде үйлесім тапса, Қайрақты жобасы отанымыздың жаңа индустриялық дәуірінің нақышты нышаны болмақ. Сондықтан, бүгінгі Қайрақты – елдің даму пәлсафасын және бір сынақтан өткізетін алып алаң. Осы сынан сүрінбей өтетін өңір шын мәнінде әлемдік вольфрам картасында өз орнын айқын белгілейді деп үміт етеміз. Үміт те етеміз, үгіт те етеміз!

• ИЛТИПАТ

## Театр тарланына құрмет

Театр қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ергали Жүнісбеков 90 жасқа толды. Сахна өнеріне 70 жылға жуық уақытын арнап, өнерге адалдықтың айқын үлгісін көрсеткен театр өнерінің тарланын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қабылдап, мерейтойымен құттықтады. Мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Ергали Жүнісбековтің ұлт мәдениетін дамытуға қосқан үлесін айықтады. Сізді 90 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Театрға арналған өмір жолыңыз бірнеше буынға үлгі болып, дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етті. Сахна өнерінің дамуына зор үлес қосып, жарқын бейнелер жасадыңыз, көрерменнің шынайы ықыласына бөлендіңіз. Екі дәуірдің куәсі, бай өмірлік әрі шығармашылық тәжірибесі бар тұлға ретінде зор құрметке ие болып отырсыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Мерейтой иесі көрсетілген құрмет үшін алғыс айтып, жастарға ақыл-кеңесін жеткізді. Мен бала кезімнен өнерге құштар болдым, көрнекті актерлермен бірге еңбек еттім. Ұстаным – өмірсүйіштілік пен адамгер-

шілікті жоғалтпау. Жастарға сәттілік пен шабыт тілеймін. Театрдағы қызметті жігермен атқарсын! – деді мерейтой иесі.

Ергали Жүнісбеков – Қарағанды өңіріндегі театр өнерінің аға буын өкілдерінің бірі. Кәсіби театрлық білімді ол Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры жанындағы студияда алған.

Шығармашылық қызметі барысында әртіс жүзден астам рөл сомдап, олардың көпшілігі театрдың алтын қорына енді. Оның репертуарында әлемдік драматургия классикасы да, қазақ авторларының туындылары да бар.

Ергали Жүнісбековтің еңбегі мемлекеттік деңгейде жоғары бағаланған. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» атағы берілген, құрмет грамоталарымен марапатталған және Президент стипендиясының лауреаты.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӘСІПКЕРЛІК

## Тәжірибе алмасу алаңы

Қарағандыда кәсіпкер әйелдерді қолдауға бағытталған халықаралық менторинг бағдарламасы жана серпін алып отыр. Өңірде өткен кездесуде табысты бизнес өкілдері өз тәжірибесімен бөлісіп, кәсіпкерлерге нақты құралдар мен практикалық білім ұсынды. Сарапшылардың айтуынша, бүгінде бизнес үшін ең маңыздысы – теория емес, тәжірибе.

Облыстың кәсіпкерлер палатасында European Bank for Reconstruction and Development қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Қазақстандағы кәсіпкер әйелдерге арналған менторинг» бағдарламасы аясында мұндай кездесу өтті. Өңірдің 100-ден астам кәсіпкері қатысып, тәжірибе алмасу алаңына айналды.

Natige холдингінің және MilkHouse ірімшік өндірісінің негізін қалаушы Ерман Әшім бизнесті нөлднен бастап құру, дамыту жолындағы нақты тәжірибесімен бөлісті.

Кәсіпкердің айтуынша, табысты жоба бір күнде қалыптаспайды. Мысалы, ашық форматтағы ірімшік өндірісін құру идеясы алғаш рет 2008 жылы туындап, тек 2017 жылы толық іске асқан. Бұл аралықта өндірістік мәдениетті қалыптастыру, білікті мамандар табу және технологиялық про-

цестерді жолға қою үлкен уақыт пен күшті талап еткен.

Өз кезегінде облыстың кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Меруерт Касимова қазіргі бизнестің басты қажеттілігі – тәжірибеге негізделген білім екенін атап өтті. Оның айтуынша, менторинг форматы кәсіпкерлерге басқару, кадр саясаты және өндірістік процестерді ұйымдастыру бойынша нақты, қолданбалы дағдылар алуға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында қатысушылар клиенттік сервис, нарықта дұрыс позициялау және көшбасшылық қасиеттерді дамыту мәселелерін де талқылады. Көпшілік мұндай форматтағы кездесулердің тиімділігін жоғары бағалап, тәжірибе алмасудың маңызы зор екенін жеткізді.

Өз тілшімізден

• ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

## «Үш ноянның» бірі болған Ераға

Өмір – өзен. Қарағанды облысы өз алдына енші алып, Солтүстік Қазақстаннан бөлініп шыққанына биыл 90 жыл болса, сол жылы дүниеге келген нәрестелер міне абыздыққа жеткен, көпті көріп, небір қиыншылық заманды бастан өткерген аңыз адамдар. Сондай өмірін өзін дүниеге әкелген Қарағандысына арнаған еліне сыйлы аңыз адам, өнердің абызы – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Президенттік стипендия иегері Ергали Жүнісбеков 90 жасқа келіп отырса, сүйікті мамандығын игеріп, бар саналы ғұмырын арнаған Сәкен театрында тапжылмай еңбек еткеніне 67 жыл толып отыр.

Ергали Сыздықұлы Жүнісбеков 1936 жылы 22 наурызда Қарағанды қаласында дүниеге келген. 1954 жылы Ергали Қарағанды қаласында Жамбыл Жабаев атындағы орта мектепті бітіреді.

Жастайынан өнерге құштар Ергали мектепте көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болады. Хор, драма үйірмелеріне қатысып жүреді.

Сарыарқаның бел ортасында әлемнің төрт қиырын тоғыстырып, күллі жұртқа мәшһүр болған атақты Қоянды жәрменкесіндегі Ұлы даланың сал-серілері Қажымұқан, Әміре, Қалыбек, Майра, Мәди сынды ән мен жырдан шашу шашқан, дала дарындарының бірақтарының көзін көрген Ергали да өзінің бойындағы табиғи талантын ғұмыр бойына киелі сахнаға арнады. Осылайша оны бала қиялындағы асыл арманы кәсіби театрға, қазіргі С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрына біржолата байлады.

Ергали Сыздықұлы – бүгінде жетпіс жылға жуық театр саласында еңбек етіп жүрген республикамыздағы санаулы ардагер, жоғары санатты актер. Оның репертуарынан әлем драматургиясының інжу-маржан дүниелерін көруге болады. Көне грек философы Софокл, Эзоп, Еврипид шығармаларынан бастап, әлемдік классик Шекспирдің өлмес шығармасы «Ромео-Джульетта» трагедиясындағы махаббат үшін құрбан болған Ромео, қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы батыр Кебек образдары – Ергали Сыздықұлының сомдауында көрермен жүрегіне жол тапқан мәңгі бейнелер. «Ромео-Джульетта» трагедиясында қазақ театр өнерінде өзіне ғана тән орындаушылық ерекшелігімен дараланған бірегей тұлға Әнуар Молдабековтің Тибальтты ойнап, әріптес болғаны жас актер Ергалидың талабын ұштай түскен еді.

1967 жылы Октябрь революциясының 50 жылдығына орай, режиссер Мұхтар Қамбаров Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» драмасын сахналады. Бірнеше жыл бұрын ғана мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің есіміне ие болған театрымыздың сол кездегі жас актер Ергали Жүнісбеков тұңғыш рет Сәкен образын шеберлікпен сомдап, кейіпкердің қазақ театрларындағы көркем бейнесін қалыптастырды.

1998 жылы Ергали Жүнісбековке «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» атағы берілді, 2002 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамота-



сымен, 2012 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2007 жылы сахнада 100-ден аса образ сомдаған Ергали Сыздықұлы Президенттік стипендия иегері атанды.

2025 жылы желтоқсан айында Республикамыздың театр сыншылары ұйымының ұйғарымымен өнердегі әрелі табыстары үшін табиғи талантын ғұмыр бойына киелі сахнаға арнады. Осылайша оны бала қиялындағы асыл арманы кәсіби театрға, қазіргі С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрына біржолата байлады.

Ол У.Шекспирдің «Асауға тұсауында» Гортензио, Ә.Әбішев пен С.Мәуленовтың «Қамбар батырында» Қамбар батыр, М.Әуезовтың «Қаракөзінде» Наршаны, «Абайда» Әбішті, Ф.Мүсіреповтің «Қыз Жібегінде» Төлегенді, С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларында» Еркебуланды, Ш.Айтматовтың «Ақ кемесінде» Оразқұлды, М.Кәрімнің «Ай тұтылған түнінде» Ақжигітті, М.Файзидің «Ғалиябануында» Исмағилды, Н.Островскийдің «Найзағайында» Дикойды, Ә.Тәжібаевтың «Жомарттың кілемінде» Жомарт батырды, З.Ақышевтің «Жаяу Мұса» Мұстафаны, М.Ахундовтың «Мусье Жордан, галым, ботаник және әйгілі сикыршы Масталишах дәуірінде» Гатамхан ағаны, Л.Егембердиеваның «Аққу сезімдерінде» Өмірсерікті, А.Ғалиның «Қайран жас дәуренінде» Шмүтинді, А.Чеховтың «Шағала» комедиясында Дорды сомдады. Сұңғыла сезіммен, сахнаға деген құштарлығымен, шексіз сүйіспеншілігінің арқасында сыншылар мен көрермендердің көзіне айналып келген Ергали Сыздықұлының өмірі мен өнері бірігіп жатты.

1962 жылы Алматы қаласында театрдың 30 жылдығына орай өткен гастрольдік сапарда қазақтың тұңғыш кәсіби режиссері, профессор, Қазақстанның Халық әртісі Асқар Токпанов «Зәуреш» спектаклін көргеннен кейін жас актердің ойына қайсар рөліне өте жоғары баға беріп, консерваторияның «актерлік» факультетіне өзінің құрсына оқуға шақырады. Бірақ, Ерекең отбасылық жағдайына байланысты оқуға бара алмайды.

Сол кездегі Қазақстандағы белгілі театр сыншысы өнертану ғылымының кандидаты Қажықұмар Қуандықов жас актер Ергали Жүнісбековтің ойнаған рөлдерін

өнерге де, достарына да адалдығы, ешкімге ешқашан жамандық ойламайтын тазалығы. Ерағанның көптеген актерлерден ерекше бір қасиеті – романтик адам. Ол гастрольге шыққан кезімізде барған жердегі ауылдарды, тау-тасты аралап, зерттеп жүреді. Менің ол уақытта жастау кезім, қасына ертіп алады. Өзендерді жағалап жүреміз, ауылдардағы қорымдарды аралап, тарихына үңілеміз, қай рудан, кімдер жерленген дегендей білгіміз келеді. Ераға түйсігі өте терең адам, кезінде институт бітірмесе де, сондай тарихты оқып, біліп, көкейіне түйіп жүреді.

Егер біздің театрдың тарихын 25 жылдан бірнеше кезеңге бөлетін болсақ, Ераға сол алғашқы 25 жылдықтағы бірінші буынды көрген, солармен бірге сахнада қызмет еткен, алдыңғы толқын аға буынның бүгінгі қалған көзі, ең соңғы тұяғы. Жәмила Шашкина, Мұздыбек Әбдікәрімов, Әнуар Шәймерденов, Зейнел Көшкім-



Ф.Мүсіреповтің «Амангелді» қойылымында Суретте Қарғаш Сатаев пен Ергали Жүнісбеков

талдай келе, болашағынан зор үміт күтетін талантты актер екендігіне сенім білдіреді. Әсіресе, «Зәуреш» спектакліндегі Қайсар, «Бағалар мен балдыздар» комедиясындағы Ерекең, «Қара Қышпақ Қобыландыдағы» Шуақтың рөлдерін айрықша атап өтеді.

Мен өткен ғасырдың 60-шы жылдарының аяғында театрға алғаш келген кезімде, сол кездегі жастары енді ғана отызға толған сайдың тасындай іріктелген актерлер бір-бірімен керемет дос болатын. Біздің театрымыздағы Қазақстанның Халық әртісі Қарғаш Сатаевты, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Шәмлі Жүнісов және осы Ерекең – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ергали Жүнісбековті елдің бәрі «Үш ноян» деп атайтын. Бұлардың достығы мен бір-біріне деген сыйластығы, құрметін сөзбен айтып жеткізуі мүмкін емес. Олардың ойын-қалжыңдарының өзі айрықша болатын. Ерағанды жай ғана түртіп қалсаңыз болды, «оппа» деп, күлкі қысып, орнынан ұшып тұратын мінезі қызық. Соны біліп алған достары, түпті, кей уақытта жиналыста отырғанның өзінде ол кісіні бүйірінен түртіп қалса, Ераға елдің бәрін жалт қаратып, сықылықтап тоқтай алмай қалатын. Ал, Шәмлідің қиялы шексіз ғой, байқамай қалдым деп, жайбаракат отыра береді.

Ерағанды Ераға қылып, асқататып тұратын көркем мінезі –

баев, Зейнолла Жақыпов, Торша Жабаевтармен бірге сахнада ойнап, солардың ақыл-кеңесімен өртіс болған адам. Сөйтіп, өзінің өнерге ғашықтығының арқасында, табиғи талантын алдыңғы дала дарындарынан үйрене жүріп, ұштай білген. Өлі күнге дейін ерте кездерде қойылған «Ер Тарғын» сияқты қойылымдардағы ария, әндерді салып отырады, сағынады ғой сол бір сағым жылдарды. Біздер, жастар, «Қыз Жібекті» қойған кезде, «біз мына жерінде мына әнін айтатын едік» деп, өзі ойнаған Төлегеннің ариясын төгіп-төгіп жіберетін сәттері болып тұрады. Ераға – негізінен Ақжигіт, Қозы Көрпеш, Төлеген сияқты лирикалық тұлғаларды ойнаған актер.

Ергали Сыздықұлы – ұлттық драматургияның сан салалы жанрларында алуан характерлі рөлдерді ойнап, көптеген елдерде Египет, Түркия, Беларусь, Татарстан мен Башқұртстан елдерінде өткен халықаралық театрлар фестивалдерінде өнер көрсетіп, ұлттық сахна өнерін биік тұғырдан насихаттауға ерекше атсалысқан өнер қайраткері.

Кенес ЖУМАБЕКОВ,  
Қазақстанның Халық әртісі,  
Мемлекеттік сыйлықтың  
лауреаты

Суреттер Сәкен театрының баспасөз қызметінен

## Табиғат күзеті күшейді

Облыста табиғатты қорғау бағытындағы нақты қадамдар жалғасуда. «Бұйрату» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне заманауи өрт сөндіру техникасының берілуі – өңірдегі экологиялық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды шешімдердің бірі. Бұл бастама табиғи өрттердің алдын алуды күшейтін қана қоймай, ерекше қорғалатын аумақтарды сақтаудың жаңа кезеңін айқындайды.

Салтанат ІЛИАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді. Соның айқын дәлелі – «Бұйрату» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жаңа техникамен толықтырылуы.

Бұл жолы парк қарамағына 14 техника берілді. Оның ішінде толық

жетекті жеті HOWO өрт сөндіру көлігі мен жеті JAC T6 автокөлігі бар. Бұдан бөлек, қызметкерлер үшін арнайы жабдықтар мен қызметтік киімдер де жеткізілген.

Мұндай кешенді қолдау – тек техникалық жаңарту ғана емес, табиғатты қорғау жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық қадам.

Соңғы жылдары табиғи өрттердің жиілеуі экожүйеге елеулі қа-



уіп төндіріп отыр. Сондықтан жаңа техниканың берілуі дер кезінде қабылданған шешім екені анық.

Парк мамандарының айтуын-

ша, автопарктың жаңауы төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін едәуір арттырады.

– Автопаркты жаңарту төтенше

жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін едәуір арттырып, табиғи өрттердің алдын алу және оларды сөндіру шараларын күшейтуге, сондай-ақ, аумақты қорғаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – дейді табиғат кешендерін қорғау және қайта өндіру мен пайдалану бөлімінің қорғау инженері Сатыбалды Нұрлыөмір.

Жаңа техникалар шалғай аумақтарға тез жетіп, өрттің таралуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, парк инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары бір жылмен шектелмейді. Өткен жылы да «Бұйрату» паркінің қажеттілігі үшін «Беларус-922» және «Беларус-1222.3» маркалы алты трактор сатып алынған болатын.



ҚОҒАМ ЖӘНЕ  
ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұл техникалар орман алқаптарына күтім ұстау, жолдарды тазарту және өртке қарсы алдын алу жұмыстарында кеңінен қолданылып келеді.

Биыл наурыз айында «Бұйрату» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылғанына 15 жыл толғанын айту керек. Осы уақыт ішінде парк өңірдегі табиғи мұраны сақтауда маңызды рөл атқарып келеді.

# Балқаш көрікті қалаға айналады

Балқаш қаласында санитарлық тазалық, көгалдандыру және инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар биыл жаңа қарқын алмақ. Бұл туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Берік Бекмағамбетов мәлім етті.

**Нұрдос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның айтуынша, былтыр жыл бойы жалпықалалық сенбіліктер өткізіліп, жүздеген гектар аумақ коқыстан тазартылған. Заңсыз коқыс орындары жойылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Аулалар абаттандырылып, қоғамдық кеңістіктер жаңғыртылған. Жағажайлар ретке келтіріліп, тұрғындардың демалысына қолайлы жағдай жасалған. Тұрғын үй қорын жаңғырту бағытында да бірқатар көпқабатты үйлер жөндеуден өткен.

– Биыл негізгі басымдық санитарлық тазалықты тұрақты қамтамасыз етуге, көгалдандыру көлемін арттыруға және қоғамдық кеңістіктерді кешенді абаттандыруға беріледі. Осы мақсатта жыл бойы үздіксіз тазалық жұмыстары жүргізілімек. Жоспарға сәйкес, 40-тан кем емес жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылып, оған 200-ден астам еңбек ұжымы мен белсенді жастар тар-

тылатын болады. 400 гектардан астам аумақты тазалау, шамамен 20 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық шығару көзделіп отыр. Заңсыз коқыс орындарын жою жұмыстары Қоңырат, Торанғалық және «Рембаза» шағынаудандарын да қамтимыз, – дейді Берік Бекмағамбетов.

Бөлім басшысының мәлімдеуінше, көгалдандыру бағытында Қараменде би, Абай және Бөкейханов көшелерінде жасыл желек отырғызу жоспарланған. Бұл жұмыстар тек тал отырғызумен шектелмей, көшеттердің жер-сүіне жағдай жасау, суару жүйелерін енгізу және тұрақты күтіммен қамтамасыз ету шараларымен қатар жүзеге асырылады. Қалада гүлзарлар мен көгал алаңдарын көбейту де назарда. Абаттандыру жұмыстары аясында 14 аула жаңартылып, балалар ойын және спорт алаңдары орнатылады. Жарықтандыру жүйесі жаңартылып, жаңа жүргіншілер жолдары ретке келтіріледі. Қоғамдық кеңістіктер бойынша жағажай инфрақұрылы-



мын жақсарту жұмыстары Шұбартүбек, Торанғалық, Барковский ауданы және «Balkhash Tour Fest» аумағында жүргізіледі. Сонымен қатар, Спицын көшесінен туристік аймаққа дейін жаңа тротуар салу, «Жастар» скверін то-

лық жаңғырту жоспарланған. Спикердің айтуынша, тұрғын үй қорын жаңарту бағытындағы жұмыстар да жалғасады. Өткен жылы жоспарланған 94 көпқабатты үйдің 89-ы жөнделіп, пайдалануға берілген. Қалған нысандар

бойынша жұмыстар биыл аяқталады. Бұл ретте жөндеу сапасына ерекше көңіл бөлініп, техникалық бақылау күшейтілген.

Қаладағы саяхаттар мен демалыс орындары тұрақты күтімде болады. Күнделікті тазалау,



көгалдарды күтіп-баптау, жарықтандыру жүйелерін реттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Маусымдық жұмыстар да жоспарлы түрде атқарылады. Туризм саласын дамыту бағытында да нақты шаралар қабылданды. Жағажайлар абаттандырылып, санитарлық инфрақұрылым күшейтіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көл түбін тұрақты тексеру және тазарту жұмыстары жүргізіледі. Су айдынын бақылау үшін арнайы дрон қолданылуда.

Айта, кетейік, Балқашты жайлы, таза әрі қауіпсіз қалаға айналдыруға бағытталған жұмыс та жүзеге асырылмақшы. Жүйелі жоспар мен нақты іс-шаралар қаланың инфрақұрылымын жақсартып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

**БАЛҚАШ**

Суреттер автордан

• «БІР ЕЛ – БІР КІТАП»

## Оқырмандар ой қосты

Соңғы жылдары елімізде кітап оқу мәдениеті жаңа белеске көтеріліп, рухани құндылықтарға деген сұраныс артып келеді. Осы орайда, оқырман қауымды игі істерге жұмылдырып, кітапқұмарлар санын арттыруды көздейтін жобалардың маңызы зор. Соның бірі – дәстүрлі «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы. Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында жетелі жоба аясында Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы талқыланды.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» деген мәтел романның негізгі арқауы іспеттес. Шығармада патшалық Ресей мен Цин империясы арасындағы шекара бөлінісі кезіндегі қазақ халқының басына түскен ауыр тауқымет, ел мен жердің тағдыры шынайы суреттелген.

Рухани кешке Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжі мен Абай атындағы мектеп-гимназияның оқушылары қатысты. Ал, спикер ретінде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті филология факультетінің белсенді студенттері келіп, өздерінің парасатты пайымдарын ортаға салды.

Кездесу барысында жастар өздерін толғандырып сұрақтарды қойып, жазушының қаламынан туған әр детальді жіті талдады.

– Қабдеш Жұмаділовтің

бұл туындысы – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған нағыз қазына. «Тағдыр» романы алғаш рет 1988 жылы жарық көргенде, 40 мың данамен бірден таралып кетті. Бұл – халықтың жазушыға және оның қаламынан туған шындыққа деген ерекше ықыласының көрінісі. Бүгінде де оқырман тарапынан сұраныс еш бәсеңдеген емес. Сондықтан, жазушының биылғы 90 жылдық мерейтойы қарсаңында бұл туынды «Атамұра» баспасынан қайта басылып шықпақ деген ақжолтай хабарды естіп, көңіліміз марқайып қалды, – деді іс-шараны ұйымдастырушы Раушан Жылтыбаева.

Қабдеш Жұмаділов те өз сөзінде «Адамзатты қатыгездіктен құтқаратын – кітап» деп айтқан. Мұндай рухани іс-шаралар өскелең ұрпақтың тарихқа деген құрметін оятып, көркем әдебиетке деген махаббатын арттыра түсері сөзсіз.

### ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 21-32-06 жұмыс істейді.

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

д

**Жаңалық әрқашан жаныңызда!**  
<https://ortalyq.kz/>

Қарағанды облысы әкімінің аппараты терроризмге қарсы комиссия бөлімінің бас маманы Төлеутай Рахматуллаевич Естекбаевқа орны толмас ауыр қаза ағасы

**Гайнулла Рахматуллин ЕСТЕКБАЕВТЫҢ**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• БАЙҚАУ

## Сатира саңлағының сарқыты

1 сәуір – Халықаралық күлкі күнінде кеншілер шаһары ақжарқын көңіл-күйге бөленді. Достық үйінің төрінде қазақ сатирасының көрнекті өкілі Мартбек Тоқмырзаның шығармашылығын ұлықтауға арналған «Жымиясың сен неге?» атты облыстық әзілкештер фестиваль-байқауы өтті.

Аймақтың ең үздік, кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін жайдарман топтары бас қосқан бұл тартысты дода теңіздей толқыған көрерменге күлкі сыйлады.

– Біздің басты мақсатымыз – тек жастарды күлдіру емес, оларды рухани байыту. Мартбек ағамыз да өзінің ерекше сөз саптасымен, халыққа жақын әзілімен дараланған тұлға еді. Оның астарлы әзілдері, қазақы қылжындары күлкімен қоса, ойлантарлық. Қоғамның ашы шындығын астарлап жеткізетін. Сондықтан, Мартбек ағамыздың мұрасы – жас жайдарманшыларға үлгі, ал, оның

### ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: 04.05.2026 жыл.  
Конкурс өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Анжерская көшесі, 37 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және қорғасу» КМК байланыс телефоны 8(7212)441580. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінші болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

- соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап, күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 06.04.2026 жылдан бастап.



зерттеу университетінің «Амазонка» командасы жүлделі бірінші орын мен 300 мың теңгеге сыйақыны иеленді.

Сондай-ақ, екінші орын мен 200 мың теңге жүлде Қарағанды медицина университетінің на-

мысын қорғаған «Медиа» құрамасына бұйырды. Ал, үздіктер қатарынан көрінген Бұқар жырау ауданы, Ақбел ауылынан келген «Шок қыздар» тобы үшінші орындағы місе тұтып, 100 мың теңге сыйақыға ие болды. Барлық қатысушы

командаларға арнайы Алғыс хат табысталып, жеңімпаздар дипломамен марапатталды.

Өз тілшімізден

Сурет ұйымдастырушылардан

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагиндской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 04.05.2026 года.  
Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагиндской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КПП «Карагиндинский областной центр по профилактике и борьбе со СПИД» расположенное по адресу: Карагиндинская область, город Караганда, улица Анжерская, дом 37, контактный телефон 8(7212)441580. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;
- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагиндской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 06.04.2026 года.

ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Ақсұңқар жырдың аламаны

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде айбоз ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы оқулары өтті. Оған жалпы саны 33 студент қатысты.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараның алғысөзін Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова айтты. Бұл байқаудың мақсаты – Қазтуған мен Доспамбет жыраулардан бастау алып, Махамбет, Мәди, Қасым рухымен жалғасқан азаматтық лириканың заманауи өкілі, көрнекті ақын, аудармашы әрі публицист Серік Ақсұңқарұлының әдеби мұрасын кеңінен насихаттау және ақын жырлары арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген отаншыл, шығармашыл, жасампаз тұлға қалыптастыру, – деді Бақытгүл Әбдікерова.

Серік Ақсұңқарұлы оқулары үш аталым бойынша өтті. Бірінші аталым – «Қайдасың, қасиетті қара өлеңім...». Бұл бағыт бойынша қатысушылар ақынның өлеңдерін жатқа мөнерлеп оқыды. Екінші аталым – «Поэзия! Ақынның алтын тағы!». Бұл бағытта қатысушылар Серік Ақсұңқарұлының шығармаларын мөнерлеп оқи отырып, TEDx форматында оның идеялық құндылығын ашты. Қатысушылар Серік Ақсұңқарұлының бір туындысын (немесе циклін) негізге ала отырып, 3-5 минуттық монолог оқыды. Өлеңнің бүгінгі күнмен байланысын, өзектілігін, жастарға берер мотивациясын өз пайымымен жеткізді. «Жүрекке жақын әндер» бағытында ақын өлеңдеріне жазылған әндер орындалды. Академик Е.Бөкетов атындағы Қа-

рағанды Ұлттық зерттеу университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов ақын шығармашылығы туралы ойымен бөлісті. Ақын Бағдат Мұбарак Серік Ақсұңқарұлының поэзия әлемінде алатын елеулі орнын айшықтады. Дәстүрлі облыстық оқулардың құрметті қонағы ақын Серік Ақсұңқарұлы ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, өз шығармашылығынан өлең оқыды. Әр аталымда колледждерде гуманитарлық бағытта білім алатын студенттер мен техникалық бағытта білім алатын студенттер бөлек бөсекке түсті. «Қайдасың, қасиетті қара өлеңім...» аталымының гуманитарлық бағыты бойынша I орын Айгерім Бөдеге, II орын Ұлпан Мейрамбекқызына, III орын Бекжан Мәжитке бұйырды. Техникалық бағытта білім алушылардың қатарында Жансерік Ержанұлы топ жарды. Аида Айкеш II орынға табан тіреді. Айнұр Жырғауқызы III орыннан көрінді. Екінші аталымда қазылар алқасының шешімімен Батырхан Советов пен Сабина Төкеноваға I орын берілді. Арайлым Танатар II орынды, Іңкәр Бекіш III орынды місе тұтты. Техникалық бағыттың I орынды қазылар алқасының шешімімен алынып тасталып, II орын Жаннұр Қанатқызына берілді. Дилнара Нұрланқызы III орын алды. «Жүрекке жақын әндер» аталымында Ақгілек Серіковтің жұлдызы биік болды. Бекарыс Амангелді II орын, Дастан Есімханұлы III орын алды. Техникалық бағытта білім алушылардың додасында Бекболат Қыдырбай қара үзді. II орын Айгерім Нұржанованың, III орын Мағжан Мұхамбетиярдың қанжығасында. Суретті түсірген автор

КЕШ

Саусағынан сарын саулатқан

Сарыарқаның киелі топырағы – қазақ руханиятының алтын бесігі, күй өнерінің сарқылмас қайнары. Бұл өңірде Тәттімбеттей саялақтардың ізі, сарында күйлердің үні қалған. Ежелден жеткен саф өнерді алдыңғы буыннан аманаттап, бүгін жаңғыртып жүргендер де аз емес. Солардың бірі – күйдің жас перісі Нұрмұхамед Жақан. Саусағынан сарын саулатқан жас өрен өзі білім алып жүрген Тәттімбет атындағы өнер колледжінде «Күмбірле, қоңыр домбыра!» атты күй кешін өткізіп, күй құдіретін асқақтатты.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Кештің басты ерекшелігі – бағдарламаның мазмұндық тереңдігі мен тұтастығында. Нұрмұхамед қазақ сахарасындағы жеті күйшілік дәстүрді қамтып, домбыраның шежірелі үнін кең тыныспен сөйлетті. Кеш шымылдығы Тәттімбет Қазанғұлдың Қасым, Саржан, Кенесары мен Наурызбай сынды арыстарға арналған асқақ рухты «Бес төре» күйімен ашылды. Одан әрі Жетісу өңірінің нәзік иірімді шертпе дәстүрі Шортанбай Қанайұлы мұрасымен сабақтасып, терең сипатқа ие болды. Алтай мен Тарбағатайдың өршіл рухын Қайрақбай Шәлекенұлының «Молқоңыр» күйі айшықтаса, Сыр бойының дәстүрі Қазанғап Тілепбергенұлының «Күй шақырғыш Ақжелең» мен Мырза Токтаболатұлының «Бұғының күйі» арқылы табиғат пен адам болмысының тылсым байланысын жеткізді. Ал, батыс күйшілік мектебінің айыбы Құрманғазы Сағырбайұлының «Төремұрат» күйінде батырлық пен қайсар рухтың символындай күйкілжыды. «Алты жасар бала келсе, алпыстағы қария келіп сәлем береді» дегендей, жас күйшінің өнеріне тәнті болып, ақ батасын беруге қазақ күй өнерінің майталмандары арнайы қатысты. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Жанғали Жүзбай, дәулескер күйші Қайрат Айтбаев, Күйшілер одағының Қарағанды облыстық филиалының

басшысы Болат Тәкішев және шертпе күйдің шебері Қалқан Қасымов сахна төрінен көрінді. Өнер майталмандары жас дарынның бойындағы ізденіс пен іңкәрлікті жоғары бағалап, оның шығармашылық жолына сәт-сапар тіледі. Сонымен қатар, Нұрмұхамедтің кәсіби қалыптасуына зор үлес қосқан ұстазы, Мәдениет саласының үздігі Гүлжамал Әбішеваның еңбегі ерекше екенін атап өткен жөн. Кеш барысында Нұрмұхамед тек күй күмбірлетіп қана қоймай, ән де әуелетті. Сонымен қатар, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің дәстүрлі ән салу бөлімінің жас өнерпаздары да сахна төрінен көрініп, ұлттық ән өнерін ұлықтады. Әрі қарай кеш мазмұнын «Жорық» этно-ансамблі мен «Ақтай-Арнау» ансамблінің өнер көрсетуі толықтыра түсіп, дәстүрлі музыканың заманауи сипаттағы үйлесімін айшықтады. Кештің шарықтау сәттерінің бірі – күй тартыс. Нұрмұхамед Жақан пен Әлия Құрманшқызы Түбек мектебінің көрнекті туындысы – Өскінбайдың күрделі техниканы талап ететін «Жаңылтпаш» күйін орындап, нағыз шеберліктің үлгісін паш етті. «Домбыра, мұнша шешен болдың неге, күй толған көкірегің шежіре ме? Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің, Саусағым тиіп кетсе ішегіңе», – деп Қасым Аманжолов жырлағандай, домбырадан төгілген қоңыр үн – ұлтымыздың өшпес рухы хәм мәңгілік жады. Сурет ұйымдастырушылардан

ЧЕМПИОНАТ

Жас талант топ жарды

Алматыда Kazakhstan Drone Championship дрондар чемпионаты өткен болатын. Онда өңір атынан қос қарағандылық Тимофей Муравьев байқаудың қос санаты бойынша бақ сынап, қос алтынды олжалады. Сонымен қатар, жерлесіміз Глеб Кайбазаков та жүлделі II орынмен оралды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, бұл чемпионатты Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы мен Asprandrone қоғамдық бір-

лестігі бірлесіп ұйымдастырған. Шараны бас серіктес – Dronly жекеменшік компаниясы. Екі күнге созылған додада қатысушылар өз шеберліктерін сынап, ептілігін көрсетті. Соңғы бес жыл бойы біз республикалық, халықаралық және әлемдік деңгейдегі жарыстардың бірін жібермей қаты-

сып келеміз. Үнемі шеберлікті жетілдіру үстіндеміз. Бұл, әрине, арзан хобби емес. Тимофей Tiny Whoop Drone Race (Junior) және Open Drone Race санатында өнер көрсетіп, қос санат бойынша I орын алды. Сонымен қатар, Қарағандыдан бірге барған Глеб Кайбазаков микродрондар санатында II орынды иеленді, – деді спортшының әкесі Сергей Муравьев. Енді жерлесіміз дәл осы чемпионаттың республикалық кезеңінде өнер көрсетеді.

ДЗЮДО

Қос алтын, қос күміс

Өткен аптада Қарағандыда дзюдодан 2011-2012 жылы туған жасөспірімдер мен қыздар арасында ел чемпионаты өткен болатын. Оған елдің 17 облысы мен үш қаласынан 850 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Сол байрақты бөсекке облыс құрама командасы екі алтын және екі күміс медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте II орыннан көрінді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған турнирде 44 келіде белдескен Ясмина Гашимова мен 48 келідегі Сұлтан Аянов топ жарды. Ал, 44 келіде сыңға түскен Нона Чиркова мен 57 келідегі Амина Уалиева чемпионаттың күміс жүлдегерлері атанды. Қарағанды қаласындағы «Жас сұңқар» спорт мектебінің 18 тәрбиеленушісі бақ сынаған. Соның ішінде, 57 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Амина Уалиева жоғары деңгейдегі шеберлігін танытып, күміс жүлдені жеңіп алды. Одан бөлек, мектептің тағы екі спортшысы V орынға табан тіреп, лайықты нәтиже көрсеткен. Амина болса, жарыс барысында алты кездесу өткізіп, финалға

дейін жеткен. Шешуші сында алматылық спортшымен белдесіп, өкінішке қарай айласын асыра алмады. Аминаның спортпен шұғылданып жүргеніне екі жылдан асты. Екі жылдың ішінде үлкен дәрежеге жетіп отыр. Негізі, Аминаны әкесі кішкентайынан спортқа баулыған. Аминаның қарсыластары осал болмады. Әсіресе, ширек финалдағы қарсыласы өте күшті. Өзі бұл қарсыласпен республикалық турнирде кездескен болатын. Сол жолы қарсыласына есе жіберген. Бұл жолы одан айласын асырып, ақтық кезеңге жолдама алған-ты. Шешуші кезең үшін жекпе-жекте Амина иығынан жарақат алып, жаракатымен шықты. Әрі өзі екінші нөмірде жұмыс істеді. Біздің қателескеніміз осы жер болды. Содан кейін әр қарсыласқа же-



ке-жеке тактика қойып, сол бойынша жұмыс істеді. Әрі бірінші болып шабуыл жасауға көштік. Өкінішке қарай, ақтық кезеңге жеткенімізбен, алтын ала алмай қалдық. Бірақ, алдағы уақытта бұдан да мықты болып ораламыз, – деді «Жас сұңқар» спорт мектебінің жаттықтырушысы Серік Уалиев. Бұл турнирге Теміртау қаласындағы Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінен бес спортшы қатысқан. Солардың ішінде 38 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Сұлтан Аянов ерекше көзге түсіп, алтын жеңіп алыпты. Айта кетерлігі, Сұлтанның салмағында 40-қа жуық спортшы бақ сынаған. Өзі жарыс барысында бес кездесу өткізіп, чемпион атанған. – 38 келі салмақ дәрежесі бұл турнирдегі ең көп қатысушы жиналған санаттардың бірі болды. Солардың қатарында Сұлтан да өнер көрсетті. Өуелде қатысушылар санына қарағанда аздаған

қобалжу болғаны рас. Алайда, боз кілемге шығып, алғашқы қарсыласын сенімді түрде жеңгеннен кейін өзіне деген сенімі арта түсті. Ең күрделі белдесулердің бірі – екінші кездесуі. Бұл кезеңде ол қостанайлық спортшымен жолықты. Осыдан екі ай бұрын Талдықорғанда өткен турнирде дәл осы қарсыласынан жеңіліп қалған еді. Бұл жолы сол қателіктер ескеріліп, арнайы дайындық жасадық. Нәтижесінде, Сұлтан реванш алды. Одан кейін Сұлтан жарыс соңына дейін бірінші нөмірде жұмыс істеп, финалға жетті. Әрі чемпиондық атақты да иеленді, – деді мектеп-интернат-колледжінің дзюдодан аға жаттықтырушысы Андрей Гуденов. Турнир қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте алматылықтар топ жарды. Олардың еншілерінде үш алтын, бір күміс және үш қола жүлде. Ал, үздік үштікке екі алтын, бір күміс және екі қола жүлдемен Жамбыл облысының спортшылары табан тіреді. Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА
Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Материалдың жариялану ақысы төленген
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғүй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

QR code
Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412
Таралымы 4 088
№35 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табак.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында төріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ